# Алакөл

Газет 1935 жылғы қазан айынан шығады

Аудандық қоғамдық-саяси газет ● Районная общественно-политическая газета ●

№28 (8114) 13. 07. 2024.
Сенбі / Суббота


# Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «ШЫҰ плюс» саммитінде сөйлеген сөзі



**Құрметті мемлекеттер басшылары!**
**Қадірлі әріптестер, достар!**

Бүгінде әлем бұрын-соңды болмаған геосаяси қайшылықтар мен қақтығыстардың күшеюіне байланысты туындаған күрделі сынақтармен бетпе-бет келіп отыр. Халықаралық қауіпсіздіктің архитектурасына қауіп төніп тұр. Тұтас адамзат үшін оның зардабы ауыр болуы мүмкін. Осындай сын сағатта бізге өңірлік және жаһандық деңгейдегі ұжымдық күш-жігер арқылы бейбітшілікті, тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту үшін орасан зор жауапкершілік жүктеліп отыр.

Шанхай ынтымақтастық ұйымы өз беделінің, елеулі экономикалық және адами ресурстарының арқасында тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізу, заманауи сын-қатерлерді еңсеру үшін тиімді шешімдер әзірлей алады. Қазақстанның ШЫҰ-ға төрағалығы кезіндегі «Көпжақты диалогты нығайту – орнықты бейбітшілік пен дамуға ұмтылу» ұраны осы ортақ миссиямыздың мән-маңызын айқын көрсетеді.

Көпжақты ықпалдастығымызға тың серпін беруді көздейтін ұсыныстарды ортаға салуға рұқсат етіңіздер.

Біздің ойымызша, бейбіт және үйлесімді даму мәселесін бірлесіп ілгерілету басты міндет болып қала береді.

Ұжымдық күш-жігер мен парасатты дипломатия арқылы ғана әлемдегі басты қайшылықтардың түйінін тарқатып, дүниежүзінде ұзақмерзімді тұрақтылықты қамтамасыз етуге болады. Мен бұған сенімдімін. Осы орайда келесі жылы сексен жылдығын атап өтетін Біріккен Ұлттар Ұйымына зор үміт артылады. Бұл әмбебап ұйымның баламасы жоқ, оның әлеуеті әлі де мол.

Біздің ортақ міндетіміз – БҰҰ-ның жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін, XXI ғасыр сын-қатерлеріне тиімді қарсы тұра алатын басты халықаралық институт ретіндегі рөлін күшейту. Қазіргі заманның түрлі проблемасына қатысты ортақ ұстанымның жаршысы ретінде «ШЫҰ дауысы» халықаралық аренада да қаттырақ естілуі керек және солай болуға тиіс. Сондықтан біз қабылдаған Тату көршілік, өзара сенім және серіктестік қағидаттары туралы мәлімдеме өте өзекті.

Бұдан бөлек, мен Біріккен Ұлттар Ұйымының 80, сондай-ақ ШЫҰ мен БҰҰ ынтымақтастығының 20 жылдығына қарай «Әділ әлем, келісім және даму жолындағы жаһандық бірлік туралы» бастамамызды қолдау үшін БҰҰ Бас Ассамблеясының резолюциясын қабылдауды ұсынамын.

Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, АӨСШК-ті толыққанды халықаралық ұйымға айналдыру процесін белсенді қолдағаны үшін Саммит қатысушыларына ризашылығымды білдіргім келеді. Бұл ұйымның мақсаттары мен міндеттері ШЫҰ миссиясын үйлесімді түрде толықтырады.

Біздің мүмкіндіктеріміздің синергиясы ШЫҰ кеңістігінде ғана емес, одан тыс жерлерде де тұрақты және инклюзивті прогресті қамтамасыз ету үшін берік негіз бола алады.

Келесі басым бағыт – сауда-экономикалық байланыстарды нығайту. Санкциялық даулар жаһандық экономикаға айтарлықтай зиян келтіріп, оның даму перспективаларының аясын тарылтып жатыр. Мұндай жағдайда бізге оң динамиканы сақтауға және әлеуетімізді арттыруға бағытталған сауда-экономикалық ықпалдастықтың негұрлым икемді стратегиясын құру қажет.

Қазіргі кезеңде ШЫҰ-ға мүше елдердің экономикасы 4 пайыздан 9 пайызға дейінгі жоғары өсім қарқынын көрсетіп отыр. ШЫҰ мемлекеттерінің әлемдік ЖІӨ-дегі үлесі қазірдің өзінде 30 пайызды құрайды. Бүгінде Ұйымға мүше мемлекеттердің сыртқы саудасы 8 триллион доллардан асты. Бұл – әлемдік сауданың төрттен біріне тең.

Осы орайда Азияның экономикалық тұрғыдан өркендеуіне көбіне ШЫҰ-ға мүше елдердің ықпалы зор екенін атап өткім келеді. Мұны жаңа әрі тарихи жетістік деуге болады. Сондай-ақ бұл өсім дүниежүзі экономикасы үшін тұрақтандырушы фактор саналады.

Қазақстан Қытайдың ішкі аумақымды нарығына ШЫҰ елдерінің қолжетімділігін арттыру және Ұйымға мүше елдермен тауар айналымын 3 триллион долларға дейін жеткізу ниетін құптайды. Шанхай ынтымақтастық ұйымының экономикалық әлеуеті орасан зор. Біз оны толыққанды пайдалануымыз қажет.

Бүгін ШЫҰ экономикасын дамытудың 2030 жылға дейінгі стратегиясын жүзеге асыру жөніндегі нақты іс-қимыл жоспарын қабылдадық. Аталған құжат осы басты мақсатқа сай келеді. ШЫҰ-ның ЕАЭО, БРИКС және АСЕАН секілді интеграциялық бірлестіктермен өзара ықпалдастығы кең мүмкіндіктерге жол ашады. Көлік жолдарының өзара байланысын одан әрі нығайту әлемдік сауданың тұрақты өсіміне зор ықпал етеді.

ШЫҰ-ға мүше елдердің аумағы арқылы 350 мың шақырымнан астам теміржол өтеді. Әлемдегі жүк тасымалының үштен екі бөлігі осы жолдарға тиесілі. Сондықтан ШЫҰ кеңістігі жаһандық сауданы дамытуға арналған «Үлкен Еуразиялық белдеуге» айнала алады.

Құрлықтық бірлестік ретінде өз позициямызды нығайту экономикалық тұрақтылық пен өркендеу үшін елеулі фактор болуға тиіс. Өздеріңізге мәлім, Қазақстан Еуразиялық көлік жүйесінің ең маңызды бөліктерінің бірі саналады. Азия мен Еуропа арасындағы құрлық арқылы тасымалданатын жүктің 80 пайызы еліміз арқылы өтеді.

Біз «Бір белдеу, бір жол» мегажобасын, Транскаспий көлік бағытын және «Солтүстік – Оңтүстік» дәлізін өзара ұштастыру үшін белсенді жұмыс істеп жатырмыз. Аталған күре жолдар синергиясының мультипликативтік әсері күшті болады.

Осы ретте Стратегиялық порттар мен логистикалық орталықтардың серіктестік желісін құру жөніндегі бастамамызды нақты жүзеге асыру мәселесіне ерекше мән береміз.

Қазіргі жағдайда экология және климаттың өзгеруімен күрес саласындағы ынтымақтастықтың өзектілігі арта түсті. Бұл саладағы ахуал алаңдатып отыр. Біз түрлі табиғи катаклизмдердің айтарлықтай көбейгеніне куә болдық. Әлемдегі барша мемлекет бұдан орасан зор зардап шегіп отыр.

Жуырда Қазақстан бұрын-соңды болмаған су тасқынын бастан өткерді. Мамандардың пікірінше, бұл табиғат апатының ауқымы жаһандық жылыну процесімен тікелей байланысты. Климаттың сын-қатерлерін жалғыз еңсеру мүмкін емес екені анық. Әлемдік қауымдастық экономиканы декарбонизациялау жөніндегі батыл қадамын жалғастыруға тиіс деп санаймын. Бірақ бұл мемлекеттердің дамуға және жаңғыруға бағытталған маңызды міндеттеріне зиянын тигізбеуі керек.

Климат мәселесі бойынша ынтымақтастығымызды биыл қараша айында Бакуде өтетін COP29 конференциясы аясында көрсете аламыз. Осы сәтті пайдалана отырып, Әзербайжан Президенті құрметті Ильхам Гейдар оғлы Әлиевтің аталған жаһандық шараны табысты өткізуіне тілектестік білдіремін.

Ішкі су көздерінің деградацияға ұшырау проблемасын шешу, жаңа су үнемдеу технологияларын енгізу жөніндегі бірлескен іс-әрекеттер жоспарын әзірлеуге баса мән берген жөн. Елдеріміздің бұл бағыттағы бірлескен жұмысы БҰҰ Бас Ассамблеясы жариялаған Мұздықтарды сақтаудың халықаралық жылы аясындағы мақсаттарды жүзеге асыруға ШЫҰ-ның қосқан нақты үлесі болмақ. Бұл бастаманы Тәжікстан ұсынған болатын.

ШЫҰ қызметінің аса маңызды бағытының бірі – мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты кеңейту. Бұл маңызды сала біздің төрағалығымыз кезінде ұдайы назарда болды. Өйткені қазақ жері – ежелден түрлі өркениеттер тоғысқан мекен. Үлкен Еуразияның бірегей мәдени кодын бойына сіңірген ШЫҰ-ның алып кеңістігі халықтар арасын жақындатуға дәнекер болып, өзінің тарихи рөлін одан әрі атқара беруге тиіс және солай боларына сенімдімін.

Осы орайда мәдени орталықтар ашу пәрменді шара саналады. Бүкіл ШЫҰ аумағында осындай жобалардың жүзеге асырылуы елдеріміз арасында барынша тығыз мәдени-гуманитарлық байланыс орнатуға ықпал етеді деп ойлаймын. Бұл іске жастарды белсенді тарту маңызды. Осы ретте олардың жан-жақты дамуына және өзара қарым-қатынасын жандандыруға барынша жағдай жасау қажет.

Қазақстан креативті индустрия шоғырланатын орталық бола алады. Сондай-ақ біз ШЫҰ-ға мүше елдердің жас көшбасшылары мен таланттарының жыл сайынғы кездесуін өткізуді ұсынамыз.

Білім саласына да тың серпін беру қажет. Бұл ретте диалог аясындағы серіктестердің жаңа оқу орындарын қосу арқылы ШЫҰ университеттері желісін кеңейткен жөн болар еді.

Студенттерге, әсіресе техникалық мамандықтар үшін бөлінетін грант санын жыл сайын көбейтіп отыру керек. Қазақстан өзінің жетекші жоғары оқу орындарында білім алу үшін бөлінетін ғылыми білім беру гранттарын ұсынуды жалғастыруға дайын.

Сөз соңында Қазақстанның ШЫҰ аясындағы және «ШЫҰ плюс» форматындағы жан-жақты әрі өзара тиімді ынтымақтастыққа бейілді екенін тағы да атап өткім келеді. ШЫҰ аясындағы серіктес елдердің барлық конструктивті ұсынысы бірегей ұйымымыздың одан әрі қарқынды дамуына тың серпін беретініне, сондай-ақ өзара сенімді, достықты және көпжоспарлы серіктестікті нығайтуға ықпал ететініне сенімдімін.

Назар салып тыңдағандарыңызға рақмет.

# Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысында сөйлеген сөзі

**Құрметті мемлекеттер басшылары!**

**Қадірлі достар!**

Бүгін біз Шанхай ынтымақтастық ұйымының алдағы даму бағытын анықтау үшін халықаралық саясаттың орталығы ретінде танылған Астанада жиналып отырмыз. Біз Ұйымымызды достық, тату көршілік, теңқұқықтық және өзара қолдаудың, яғни «Шанхай рухы» негізінде жұмыс істейтін мемлекетаралық қатынастардың тиімді тетігіне айналдыра алдық.

ШЫҰ кеңістігінде үш миллиардтан астам адам тұрады. Ұйымға экономикасы аса ірі және жылдам дамып келе жатқан мемлекеттер кіреді. Әлемдік жалпы ішкі өнімнің үштен бірі осы елдерге тиесілі. Бұл біздің Ұйымның орасан зор әлеуеті мен жаһандық рөлін айқын көрсетеді. Мүше мемлекеттердің даусы мен мүдделері тең дәрежеде ескерілетін Шанхай ынтымақтастық ұйымы өзін бірегей алаң ретінде танытты. Дәл осындай мызғымас демократиялық негізге сүйенген ұзақмерзімді ынтымақтастығымыз жаңа мазмұнмен толыға түсетініне сенімдімін.

Былтыр Ұйымға төрағалық міндетін қабылдаған Қазақстан ШЫҰ-ға мүше барлық мемлекеттің белсенді қолдауымен ауқымды жұмыс атқарды. Біз түрлі деңгейде 150-ге жуық іс-шара, соның ішінде цифрлық даму, туризм, энергетика, бизнес салаларында форумдар және ШЫҰ жастар кеңесін өткіздік.

ШЫҰ-ның Экология жылы аясындағы жұмыс белсенді түрде жүргізілді. Ұйымның Шарттық базасы 60 жаңа құжатпен толықтырылды. Атап айтқанда, Есірткіге қарсы стратегия, Экономикалық ынтымақтастық стратегиясын іске асыру жоспары, Қоршаған ортаны қорғау саласындағы келісім, Энергетикалық ынтымақтастықты дамыту стратегиясы және басқа да құжаттар.

ШЫҰ серіктестері саналатын халықаралық ұйымдардың қатары көбейді. Инвестициялар жөніндегі арнайы жұмыс тобының қызметі қайта жанданды. Ұлттық валютамен есеп айырысуға көшу үдерісі қарқынды дами бастады. Осы шаралардың нәтижесінде ШЫҰ кеңістігіндегі сауда-экономикалық ынтымақтастық өте қарқынды дамып келеді.

Біз Қазақстан төрағалығы кезінде мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайтуға ерекше назар аудардық. «ШЫҰ форматын» барынша тартымды ететін бірқатар маңызды жоба іске қосылды. Олардың қатарында «ШЫҰ елдерінің рухани киелі орындары» жобасы мен «ШЫҰ Жібек жолы» бірінші халықаралық музыка фестивалі бар. Сондай-ақ бірлескен жобаларды жүзеге асыру үшін 10 туристік аумақ анықталды.



Алматы қаласы ШЫҰ-ның мәдени және туристік астанасына айналды. Қазақстан ШЫҰ төрағасы ретінде алдыңғы саммитте айтылған барлық мақсат-міндетті толығымен орындады деп сеніммен айта аламын.

Қазақстанның бастамаларын жүзеге асыруға қолдау көрсеткені және белсенді қатысқаны үшін Ұйымға мүше барлық мемлекетке шынайы ризашылығымды білдіремін. Осы басым бағыттардағы жұмысты жалғастыра отырып, біз ШЫҰ кеңістігінде гүлденген қоғамдастық құруда, сондай-ақ жаһандық деңгейде бейбітшілік, жасампаздық және прогресс идеяларын ілгерілетуде бұдан да зор табыстарға қол жеткізе алатынымызға сенімдімін.

**Құрметті әріптестер!**

Біздің ойымызша, «Шанхай ондығына» кіретін барша ел үшін стратегиялық маңызы бар басты бағыттарға тоқтала кеткім келеді.

**Бірінші. Қауіпсіздік саласындағы өзара сенім мен ынтымақтастықты нығайту.**

Қазіргі күрделі ахуал – негізінен халықаралық қатынастар жүйесіндегі дағдарыс салдары. Осы ретте халықаралық құқықтың кемшін тұстарын түзеп, геосаяси тұрғыдан жікке бөлінуге жол бермеу мақсатымен, түптеп келгенде, жаһандық ауқымдағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту үшін ШЫҰ өзінің тұрақтандырушы және жасампаздық рөлін күшейтуге тиіс.

Мемлекеттеріміздің біріккен әлеуеті, экономикалық қуаты мен интеллектуалдық ресурстары бұл бағытта алға қарай батыл қадам басуға мүмкіндік береді.

ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің адамзатты бейбітшілікке, ынтымаққа және өзара сенімге шақырған үні анағұрлым анық әрі салмақты естілетініне күмән жоқ.

Шанхай ынтымақтастық ұйымы бүкіл Еуразия құрлығындағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге кепіл болатындай айрықша мүмкіндіктерге ие.

Ұйымға төрағалығымыз аясында мен «Әділ әлем, келісім және даму жолындағы жаһандық бірлік туралы» ШЫҰ бастамасын жүзеге асыруды дәл осы мақсатпен ұсындым. Орайлы сәтті пайдалана отырып, аталған маңызды құжатты қабылдауға қолдау білдіргендеріңіз үшін бәріңізге алғыс айтамын. Өзара күш-жігер біріктіру арқылы бұл бастаманы жаһандық деңгейге көтере аламыз деп сенемін.

Бұдан бөлек, қазіргі жағдайды ескере отырып, Әскери саладағы сенім шаралары туралы келісімді әзірлеп, қабылдайтын уақыт келді. «Үш зұлым күшпен» күрес мәселесі әрдайым жіті назарымызда болуға тиіс. Бұл ретте бүгін қабылданатын Терроризм, сепаратизм және экстремизммен күрес жөніндегі ынтымақтастық бағдарламасының маңызы зор.

Сонымен қатар аталған кешенді бағдарлама Ауғанстандағы ахуалды жақсартуға үлес қосуды көздейді. Қазіргі уақытта бұл елде күрделі процестер жүріп жатыр. Соған қарамастан, жағдайдың тұрақталып, экономиканың жандана бастағанын білдіретін нышандар анық байқалады.

Сондай-ақ Ұйымға мүше мемлекеттер Орталық Азия мен Ауғанстан үшін БҰҰ-ның орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығын Алматы қаласында ашу туралы Қазақстан бастамасын жүзеге асыруға қолдау білдіреді деп сенемін.

Бәрімізге ортақ тағы бір маңызды міндет – киберқауіпсіздікті күшейту. Ақпараттық технологиялар мен жасанды интеллектінің қарыштап дамып келе жатқанын ескеріп, біз бұл салаға ерекше мән беруіміз қажет. ШЫҰ елдеріндегі ақпараттық инфрақұрылымның тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін ұдайы ақпарат алмасуға, үздік тәсілдер мен озық тәжірибелерді қолдануға бағытталған арнайы механизм әзірлеуді ұсынамын. Бүгін қабылданатын Халықаралық ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі өзара іс-қимыл жоспары осы мақсаттарға сай келеді.

**Екінші. Сауда-экономикалық байланыстарды кеңейту.**

Әлемдік экономикада жағымсыз үрдістер белең ала бастады. Дүниежүзілік банктің мәліметі бойынша биыл жаһандық экономиканың өсім қарқыны бәсеңдейді. Әлем экономикасының өсіміне серпін беретін жаңа бағыт және мүлде басқа даму парадигмасы қажет екені анық. Сондықтан, біздің ойымызша, сауда-экономикалық кооперацияны кеңейту, капитал мен технологияның еркін қозғалысына жағдай жасау, климаттың сын-қатерлерімен күресу – Шанхай ынтымақтастық ұйымының маңызды міндеттері.

Өзара сауда-саттықтың артуы ШЫҰ кеңістігі үшін ортақ үрдіске айналып келеді. Мәселен, Қазақстанның ШЫҰ елдерімен сауда көлемі өткен жылдың қорытындысы бойынша 6,5 пайызға өсті.

ШЫҰ-ға мүше елдердің технологиялық базасы үлкен және экономиканың барлық маңызды секторларын дамыту үшін орасан зор нарығы бар. Арнайы салық, кеден және көші-қон режимдерінің әзірленуі аталған бағытта ілгерілеуге айтарлықтай септігін тигізеді. Осы ретте ШЫҰ аясында Экономикалық жеңілдіктер базасын құру туралы Қазақстанның ұсынысы өзекті болып қала береді. Инвестициялық жобаларды талқылап, бекіту үшін бірыңғай алаң құру қажеттігі айқындала түсті.

«Астана» халықаралық қаржы орталығының базасында Жобалық қызметті қаржымен қамтамасыз ету механизмін құруды ұсынамыз. Қытай, Ресей, Үндістан, Өзбекстан, Қырғызстан қазірдің өзінде аталған алаңда белсенді жұмыс істеп жатыр. Жалпы, АХҚО резиденттерінің 20 пайызы – ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің компаниялары.

**Үшінші. Тиімді дәліздер мен сенімді тасымал тізбектерін құру арқылы көлік байланыстарын нығайту.**

Біз Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» мегажобасын, Транскаспий халықаралық көлік бағдарын және «Солтүстік – Оңтүстік», «Орталық Азия – Оңтүстік Азия бағыттары бойынша трансеуразиялық дәлізді одан әрі бірлесе дамытуға баса мән береміз. Бұл жоспарларды жүзеге асыру үшін ШЫҰ аясында Стратегиялық порттар мен логистикалық орталықтардың серіктестік желісін құру жөнінде нақты шаралар қабылдау маңызды.

**Төртінші. Шанхай ынтымақтастық ұйымын реформалау және жаңғырту.**

Қарқынды жаһандық өзгерістерге байланысты біздің алдымызда ШЫҰ қызметін одан әрі жетілдіруге бағытталған маңызды міндет тұр. Ұйым аясының кеңею үдерісі жаңа мүмкіндіктерге жол ашып, оны дамытуға тың серпін береді.

Еліміз ШЫҰ-ға төраға ретінде Ұйымды ынтымақтастықтың бұдан да тиімді әрі көпжақты механизміне айналдыруды көздейтін теңгерімді ұсыныстарын ортаға салды. Атап айтқанда, біз ШЫҰ Хатшылығы мен Бас хатшының рөлін күшейтуді құптаймыз.

**Құрметті саммитке қатысушылар!**

Менің бүгінгі ұсыныстарымның бәрі біздің ортақ ізгі мақсатарымызға қол жеткізуге елеулі үлес қосуға деген шынайы ниеттен туындады. Қазақстанның төрағалығын қолдағандарыңыз үшін сіздерге тағы да зор ризашылығымды білдіремін.

Сонымен қатар Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпин мырзаны ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшыларының кеңесіне төраға болуымен шын жүректен құттықтаймын. Қазақстан Сіздің алдағы жауапты миссияңызды атқару барысында жан-жақты қолдау көрсетеді.

Қытай тарапының төрағалығы ШЫҰ-ның жаһандық беделін одан әрі арттыруға, халықтарымыздың игілігі мен өркендеуі жолындағы сан қырлы ынтымақтастықты нығайтуға елеулі үлес қосады деп сенемін.

Назар салып тыңдағандарыңызға рақмет!

# ПРЕЗИДЕНТ ЛУДОМАНИЯМЕН КҮРЕС ТУРАЛЫ ЗАҢҒА ҚОЛ ҚОЙДЫ

**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ойын бизнесі, лотерея қызметі, денсаулық сақтау, мемлекеттік еңбек инспекциясы, мемлекеттік бақылау және артық заңнамалық регламенттеуді болғызбау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды.**



Ақорда мәліметінше заң арқылы халықтың ойынға тәуелділігін төмендетуге бағытталған шектеуші және ынталандырушы нормалар енгізіледі.

«Атап айтқанда, құмар ойындарға/бәс тігуге қатысуына тыйым салынатын адамдар санатының тізімі кеңейтілді. Енді олардың қатарына Борышкерлердің бірыңғай тізілімінде тұрған тұлғалар (атқарушылық іс жүргізу бойынша борышкерлер туралы мәліметтерді қамтитын электрондық деректер банкі) қосылды. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеу енгізу арқылы жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың құмар ойындарға/бәс тігуге қатысуына шектеу қойылады», – делінген хабарламада.

Сонымен қатар бұдан былай мемлекеттік қызметкерлер, әскери қызметкерлер, арнайы және құқық қорғау органдарының қызметкерлері, бюджеттік ұйымдардың басшылары құмар ойындарға/бәс тігуге қатыса алмайды.

«Бұл шектеуді сақтамағаны үшін оларды жұмыстан шығару шарасы қарастырылған. Ойын бизнесін ұйымдастырушылардың қызметін реттеу тетіктері күшейтілді. Туризм және спорт министрлігі ойын мекемесінің, букмекерлік кеңсенің, тотализатордың, ставкаларды қабылдау және құмар ойындардың/бәс тігудің бірыңғай ережелерін бекітеді. Букмекерлік кеңселер мен тотализаторлардың жарнамаларына шектеу қойылды. Атап айтқанда, букмекерлік кеңселер мен тотализаторларды сыртқы (көрнекі) жарнамасына, сондай-ақ олардың қызметін көлік құралдарында, бұқаралық ақпарат құралдарында, кино, видео және анықтамалық қызмет көрсету орындарында жарнамалауға тыйым салынады», – деп қосты Ақорданың баспасөз қызметі.

Бұдан бөлек букмекерлік кеңсе немесе тотализатор орналасқан жердегі сыртқы жарнамаға; спорт ғимараттарының ішінде және спортшылардың киімінде; спорттық тақырыпқа маманданған және ресми тіркелген БАҚ-та, сондай-ақ отандық телеарналар халықаралық спорттық жарыстарды тікелей трансляция жасаған кезде жарнамалауға рұқсат етіледі.

«Сонымен қатар лотерея қызметін реттеу тетіктері жаңартылды. Нақтырақ айтқанда, тұрғын үйлерде, жатақханаларда, ғибадат үйлерінде, мәдениет ұйымдарының ғимараттары мен құрылыстарында, әлеуметтік объектілерде (білім беру, денсаулық сақтау), сондай-ақ олардан жүз метр қашықтықтағы радиуста лотерея билеттерін таратуға және лотерея терминалдарын орнатуға тыйым салынады», – делінген хабарламада.



# Тұрғындарды қабылдады

**Аудан әкімдігінің мәжіліс залында өңір басшысы А.Абдиновтың аудан тұрғындарын жеке мәселелері бойынша қабылдауы өтті.**

Қабылдауға келген тұрғындардың басым көпшілігінің өтініштері тұрғын үй кезегі, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімі мәселесіне қатысты болды.

Қабылдауда жиі көтерілгені – тұрғын үй қорынан баспана алу мәселесі. Осы сұрақпен жүгінген азаматтардың барлығына қолданыстағы «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы негізінде баспана белгіленген тәртіппен және кезек ретімен берілетіндігі түсіндірілді.

Жалпы аудан әкімінің қабылдауына 12 азамат жеке мәселесімен келді. Тұрғындарды толғандырған барлық сауалдарға нақты жауаптар берілді. Кейбір сұрақтар бойынша өңір басшысы құзырлы мемлекеттік мекеме басшылары мен округ әкімдеріне тиісті тапсырмалар беріп, жедел шешімін қажет ететін өткір мәселелерді аудан әкімі өзінің ерекше бақылауына алды.

**А.МҰРАТҚЫЗЫ**
**аудан әкімінің баспасөз хатшысы.**

# Ел тірегі – АСТАНА

**Астана – береке бірлігіміздің ұйытқысы, айбыройымыздың айғағы. Астана бүгінгі күні еліміздің бой тұмарына айналып, тұрақты дамудың өсу мен өркендеудің даңғыл жолына түсті. Халықты біріктіретін Отанымыздың орталығы, ұлттық идеясы.**




Осыған орай, Үшарал қаласы «Астана» демалыс саябағында бейбітшілік пен келісімнің ордасына айналған Астана күніне орай «Ел тірегі – Астана» атты мерекелік шара өтті.

Жиында аудан әкімінің орынбасары М.Төлеужанов құттықтау сөз сөйлеп, барша Алакөлдіктерді мақтанышымызға айналған Астана күнімен құттықтады.

Мерекелік шарада аудан тұрғындарына аудандық орталық кітапхана ұжымының «Астана – еліміздің жүрегі» OPEN air ашық кітап көрмесі мен кітап жәрмеңкесі халық назарына ұсынылса, Мансап орталығының бос жұмыс орындары жәрмеңкесі, «Халық заңгері» акциясы ұйымдастырылды.

Шара З. Қойшыбаева атындағы мәдениет үйі өнерпаздарының концерттік бағдарламаларымен жалғасты.

**Аудан әкімінің**
**баспасөз қызметі.**

# Аудандық спартакиада өтті



Қазақстанның дене шынықтыру және спорт саласындағы мемлекеттік саясатының маңызды бағыттарының бірі – бұқаралық спортты дамыту. Халық арасында бұқаралық спортты насихаттау салауатты ұлтты қалыптастырудың кілті.

Осыған орай, аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен «Тарлан» спорт кешенінде 23 маусым - мемлекеттік қызметшілер күніне орай түрлі спорт түрлерінен аудандық спартакиада өтті.

Спорттық шараның ашылу салтанатында аудан әкімінің орынбасары М.Төлеужанов жарысқа қатысушы командаларға сәттілік тілеп, жеңіс тұғырынан көрінуге тілек білдірді. Сондай-ақ, аудан әкімінің әдеп жөніндегі уәкілі Б.Сулейменов те қатысушыларға сәттілік тілеп, жастарды спортпен ұдайы айналысуға шақырды.

Жарысқа жалпы саны 9 командадан 200-ге жуық спортшы қатысып, футбол, волейбол, қазақ күресі, жүгіру, гір тасын көтеру, шахмат, тоғызқұмалақ, үстел теннисі спорт түрлері бойынша бақ сынасты.

Мемлекеттік қызметшілер арасында тартысты өткен жарыста әділ қазылар әділ төрелік етіп, нағыз мықты командаларды анықтады.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлерге арнайы алғыс хат, медаль және кубoктар табысталды.

**Аудандық бұқаралық-спорттық іс-шараларды өткізу орталығы.**

*«Таза Қазақстан»*




# «Зеленая» экоакция – зеленый край Жетісу

**По инициативе Президента Казахстана Касым – Жомарта Токаева 2024 год, для стран – участниц Шанхайской организации сотрудничества (ШОС), был объявлен Годом экологии. А уже 8 апреля по всей республике, впервые, стартовала масштабная экологическая акция «Таза ҚазаҚстан». Свой вклад в процветание родного края внесли и продолжают вносить алакольцы.**



И пример здесь подают сотрудники Алакольского государственного природного заповедника. Статус обязывает! В минувшем году он отметил 25-летие своего создания; включен в Рамсарский список водно-болотных угодий мирового значения; входит во Всемирную сеть биосферных заповедников ЮНЕСКО, как «Биосферный резерват Алаколь».

Как подчеркивает руководитель отдела экопросвещения Ермек Наурызбаев, с начала республиканской акции «Таза Қазақстан» сотрудники заповедника в общей сложности провели 8 масштабных районных экологических мероприятий. С участием природоохранных организаций Алаколя, членов школьных отрядов «Юный эколог» (а их уже 15), школьников и учащихся двух гуманитарно – технических колледжей. Так, «Международный день птиц» 8 и 11 апреля прошел в средних школах имени М.Толебаева аула Жайпак и Коктуминской СШ. Был проведен открытый урок на тему «Птицы Алакольского заповедника» с развешиванием скворечников и посадкой деревьев. В мероприятии приняли участие 87 школьников и педагогв.

Также в рамках акции «Международный день птиц» проведены познавательные встречи с показом слайдов и видеороликов о «Птицах Алакольского заповедника» с учащимися 6 средних школ Алакольского района области Жетісу (в период с 8 по 15 апреля). Всего во всех встречах приняли участие 177 человек.

13 апреля в городе Ушарал был провели субботник «Таза өлке» в рамках экологической акции «Таза Қазақстан». Учащиеся городского гуманитарно – технического колледжа организовали мероприятие по уборке прилегающей территории вдоль улицы Дулепова.

Субботник ко «Дню Земли», 22 апреля, организовали и провели сотрудники заповедника. Рядом с административным зданием в городе Ушарал привели в порядок существующий дендрарий, высадили цветы на клумбах и рабатках. Экологическое мероприятие «Чистый родник», в рамках «Марш парков», прошло 24 апреля в черте города Ушарал на истоке родника «Карасу». Около 20 юношей и девушек убрали бытовой мусор, обновили установленную скульптуру снежного барса.

«Всеказахстанский день посадки деревьев» состоялся 26 апреля. В рамках акции были посажены 10 саженцев яблони апорта, 10 саженцев ясеня и 10 акации желтой на территории СШ имени И.Жансугурова в городе Ушарал. Здесь участвовали 93 человека из числа сотрудников ООПТ и школы.

Акция «Чистой реке – чистые берега», по очистке берегов реки Тентек, протекающей на окраине города Ушарал, где территория более всего подвержена антропогенной нагрузке, состоялась 25 апреля текущего года. В мероприятии приняли участие 22 сотрудника заповедника. На полигон ТБО было вывезено почти 2 тонны собранного мусора.

Таков вот вклад сотрудников заповедника и молодежи Алаколя в озеленение и благоустройство родного края. И работа продолжается!

**В.ВОРОБЬЕВ.**

# Что такое успех и как его добиться в жизни

Многие мечтают добиться успеха, подразумевая под этим положение в обществе, карьерные достижения или финансовую независимость. При этом люди не до конца понимают, что скрывается за этим понятием. Успех — это положительный результат действий, удача в достижении поставленных целей. Цель может быть поставлена в любой жизненной сфере. Например, в бизнесе и карьере, в покорении вершины, в строительстве дома и многом другом. Под словом «успех» часто подразумевают общественное признание, получаемое от окружающих, или возможность вести образ жизни, который отвечает особенностям личности и способствует ее гармоничному развитию. Многие люди отождествляют его с богатством, изобилием и финансовой независимостью. Составляющими успеха можно считать эмоциональную и психологическую стабильность. Материальные цели временны и иллюзорны. Стремясь получить в собственное владение дома, яхты и крупные суммы денег, люди тратят жизнь впустую. Ощущение бессмысленности достигнутых целей (богатство любой ценой, например) и глупости былых убеждений настигает человека в конце жизни. После чего следует разочарование, скорбь и депрессия, поскольку жизнь прошла в борьбе за материальный успех. Что такое успех и чем он отличается от успешности: успех ассоциируется с активностью человека и невозможен без его деятельности, выраженной через акт творения, достижения или завоевания. Истинное значение успеха выходит далеко за рамки общепринятых определений, например, наличия большого количества денег или всевозможных дипломов. Его измеряют количеством людей, способных жить лучше благодаря тому, что вы создали, ведь главный смысл успеха в том, чтобы жить счастливо и делать этот мир лучше для всех.

Что значит успех и успешность в жизни? Понятие «успех» подразумевает результат достижения определенных целей. Успешность — более широкое понятие. Это устойчивая характеристика личности, способность человека добиваться выполнения целей максимально экологично (не нанося урон своему внутреннему миру), находясь при этом в гармонии с собой и окружающим миром, параллельно совершенствуя свою личность. В понятии «успех» фиксируются достижения в конкретной деятельности. Успешность отражает скорее субъективные переживания и наличие личностных ресурсов для достижения успеха. Оно изменчиво, у каждого возникает свое понимание успешности исходя из жизненных целей и потребностей. Что обеспечивает человеку успех? Успех дает человеку ощущение удовлетворенности от достижения целей и своей жизни в целом, уважительное отношение со стороны окружающих и устойчивое финансовое положение. Чтобы обеспечить все это и достичь целей, ему необходимо быть терпеливым, уметь фокусироваться на поставленных задачах и быть готовым тяжело работать. Что обеспечивает человеку успех, как добиться успеха в жизни ? Большинство так и не добивается успеха. Люди мечтают о больших деньгах, высокой должности или, к примеру, выйти замуж за принца, не задумываясь о том, как этого достичь. Они не ставят перед собой цели и не формируют планы по их осуществлению, а надеются проснуться успешным. Такое поведение ошибочно, ведь успех — это ежедневная работа над собой и своей жизнью.

Как добиться успеха в жизни? Чтобы добиться успеха, будь то финансовая стабильность, карьерные достижения или другие цели, следуйте таким рекомендациям: Ставьте перед собой конкретные цели, необходимо составить своеобразную дорожную карту для своей карьеры и жизни. Определитесь, чего хотите достичь. Поставьте перед собой долгосрочные цели на перспективу и мини-цели, достижение которых станет источником мотивации для дальнейшей деятельности. Планируйте каждый день. Составьте список дел, которые необходимо сделать завтра или в течение определенного периода. Так не упустите ничего важного и будете видеть прогресс в делах. Составьте график работы на ближайший период (неделя, месяц, год) и придерживайтесь его. Будьте дисциплинированны и не позволяйте себе лениться. Не позволяйте неудачам остановить вас. Даже у самых талантливых и способных людей мало что получается с первой попытки. Автор бестселлера «Живи с чувством» Даниэлла Лапорт рекомендует не зацикливаться на ошибках и промахах, а пытаться исправить ситуацию. Пытайтесь до тех пор, пока результат работы не удовлетворит. С каждой новой попыткой будете все больше приближаться к цели. Будьте гибким и учитесь приспосабливаться к ситуации. Экономический кризис, пандемия с ее карантинными ограничениями, военные действия в соседней стране — все это может сказаться на деятельности и потребовать определенных перемен. Не останавливайтесь в такой момент. Используйте подобные ситуации в свою пользу, приспосабливайтесь и идите в ногу с тенденциями, меняйте методы ведения бизнеса. Проявляйте любопытство. Успех — это постоянный рост и развитие. Дайте своей личности развиваться, проявляйте любопытство, изучайте окружающий мир и все, что происходит вокруг. Уделяйте время саморазвитию. Развивайте креативность, читайте книги, изучайте иностранные языки, займитесь спортом. Не зацикливайтесь на чем-то одном, соблюдайте баланс между разными жизненными сферами. Учитесь позитивно мыслить. Поселите в своей голове позитивные мысли и постарайтесь избавиться от негатива. Он никогда не приведет к цели. Станьте коммуникабельным человеком. Это поможет наладить необходимые связи, почувствовать внутренний комфорт. Проявляйте открытость в общении с людьми, делитесь опытом и перенимайте опыт у



других. По мере возможности помогайте окружающим, и в определенный момент почувствуете их отдачу. Учитесь прощать, не накапливать обиды и раздражение на недоброжелателей. Не тратьте энергию на злобу, извлекайте уроки из произошедшего и двигайтесь дальше. Ловите момент. Не откладывайте достижение целей до лучших времен. Каждый день делайте все, что можете. Такая деятельность принесет положительные результаты и прогресс в делах. Верьте в свои силы. Большинство людей убеждено, что обладает определенными возможностями, у которых есть свои пределы. Они подсознательно стремятся избежать сложностей и теряют интерес к выполнению непростых задач. Откажитесь от такой стратегии и старайтесь развивать навыки. Упорно следуйте целям, верьте в свои силы и работайте над собой. Дайте себе время. Любые серьезные достижения требуют времени и усилий. Пытаясь добиться успеха, не забывайте об отдыхе. Хороший отдых поможет зарядиться энергией и свежими идеями. Пытаясь добиться успеха, не забывайте об отдыхе. Успех — достижение поставленных целей в разных жизненных сферах. Для одних - это высокое карьерное положение, для других — финансовая стабильность, для третьих — крепкое здоровье и семейное благополучие. Чтобы добиться успеха, необходимо ставить перед собой конкретные цели, работать над собой и не бояться неудач.

**Ш. ИМАНАСОВА.**




# О предотвращении коррупции

**Коррупция - не предусмотренное законом принятие лично или через посредников имущественных благ и преимуществ лицами, выполняющими государственные функции, а также лицами, приравненными к ним, с использованием своих должностных полномочий и связанных с ними возможностей либо иное использование ими своих полномочий для получения имущественной выгоды, а равно подкуп данных лиц путем противоправного предоставления им физическими и юридическими лицами указанных благ и преимуществ.**

Коррупция как мировое зло обрела свои глобальные масштабы в конце XX века. С этого времени международные организации - ООН, Совет Европы, Европейский Союз, и многие другие начинают создавать различные программы борьбы с коррупцией, законодательство многих стран предусматривают уголовную ответственность за преступления связанные с коррупцией.

Республика Казахстан первое государство в СНГ принявшее антикоррупционное законодательство.

В Республике Казахстан о коррупции, как об опасном явлении, начали говорить с 1991 года.

С 1992 года издано несколько Указов Президента, направленных на борьбу с коррупцией и организованной преступностью, в том числе исторический Указ «О мерах по усилению борьбы с организованными формами преступности и коррупцией» от 17 марта 1992 года, который стал первым политико-правовым актом, направленным на борьбу с коррупцией, заложил организационные предпосылки для борьбы с данными преступлениями.

В программе развития Казахстана до 2030 года «Казахстан-2030» в числе семи основных принципов стратегии развития отмечена беспощадная борьба с коррупцией. Продолжением стало принятие в период 1998 – 1999 гг. Законов Республики Казахстан «О борьбе с коррупцией» и «О государственной службе», а также Указа Президента Республики Казахстан от 3 мая 2005 года № 1567 «О Кодексе чести государственных служащих Республики Казахстан», которые стали действенным средством борьбы с коррупцией и определили статус, права и обязанности государственных служащих, требования к их морально-нравственному облику и деловым качествам.

Закон «О борьбе с коррупцией» впервые в законодательстве Республики Казахстан дает юридическое понятие коррупции и правонарушений, связанных с ней, определяет субъектов коррупционных правонарушений, предусматривает дисциплинарную, гражданско-правовую и административную ответственность.

Коррупция - одно из древнейших явлений в системе общественных отношений, «такое же древнее явление, как и социальный порядок, управляющий жизнью людей, каков бы ни был этот социальный порядок». Естественно, что в ходе исторического процесса это явление постоянно трансформируется и видоизменяется, по мере усложнения политических и экономических порядков возникают новые формы его проявлений.

На протяжении последних лет противодействию коррупции в Казахстане уделяется большое внимание на наивысшем уровне государственного управления. Цель – предотвращения и борьба против коррупции закреплена в многочисленных документах о государственной политике, в том числе ежегодных посланиях Президента Республики Казахстан.

На сегодняшний день в Республике Казахстан действует современное антикоррупционное законодательство, основой которого являются законы «О противодействии коррупции» и «О государственной службе Республики Казахстан», также реализуется ряд программных документов, образован специальный уполномоченный орган, комплексно реализующий функции в сфере государственной службы и противодействия коррупции, активно осуществляется международное сотрудничество в сфере антикоррупционной деятельности.

В 2019 году была изменена структура Уполномоченного органа по противодействию коррупции путем выделения в отдельное ведомство «Агентство РК по противодействию коррупции» (далее – Антикоррупционный орган), в котором были созданы ряд новых подразделений.

Подпунктом 31 статьи 3 Бюджетного кодекса РК установлено, что государственные предприятия, товарищества с ограниченной ответственностью, акционерные общества, в том числе национальные управляющие холдинги, национальные холдинги, национальные компании, учредителем, участником или акционером которых является государство, а также дочерние, зависимые и иные юридические лица, являющиеся аффилированными с ними в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан являются субъектами квазигосударственного сектора.

Основным законодательным актом в сфере противодействия и борьбы с коррупцией как на государственной службе, так в субъектах квазигосударственного сектора является Закон РК «О противодействии коррупции» от 18 ноября 2015 года (с изменениями и дополнениями по состоянию на 19.12.2020 г.)

К основным нововведениям Закона РК «О противодействии коррупции» относятся:

- направленность на применение превентивных мер противодействия коррупции;
- расширение круга субъектов противодействия коррупции (наряду с антикоррупционным органом к ним отнесены практически все государственные органы, общественные объединения, юридические и физические лица, в том числе субъекты квазигосударственного сектора);
- внедрение системы мер противодействия коррупции, реализация части которых возложена на субъектов квазигосударственного сектора;
- разграничение между коррупционными правонарушениями.

Главным нововведением, предусмотренным вступившим в силу с 1 января 2021 года Законом от 19 декабря 2020 года № 384-VI «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам усиления защиты прав граждан в уголовном процессе и противодействия коррупции», стал запрет условно-досрочного освобождения (УДО) для лиц, осужденных за тяжкие и особо тяжкие коррупционные преступления. Исключение установлено для беременных женщин, женщин, имеющих малолетних детей, мужчин, в одиночку воспитывающих малолетних детей, женщин старше 58 лет и мужчин старше 63 лет, инвалидов I и II группы, а также осужденных лиц, которые выполнили все условия процессуального соглашения о сотрудничестве.

Принятый Закон также предусматривает внесение изменений в некоторые составы преступлений коррупционной направленности, устанавливая особый порядок применения наказаний для сотрудников правоохранительных органов, лиц, занимающих ответственные государственные должности в правоохранительных органах, и судей.

В частности, соответствующие изменения внесены в статьи: получение взятки: совершение указанного деяния сотрудником правоохранительного органа или лицом, занимающим ответственную государственную должность в правоохранительном органе, или судьей наказывается штрафом в размере от тридцатикратной до пятидесятикратной суммы взятки либо лишением свободы на срок до 6 лет, с конфискацией имущества, с пожизненным лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью, злоупотребление должностными полномочиями: в случае совершения указанного преступления сотрудником правоохранительных органов он подлежит наказанию в виде штрафа в размере до 4 тыс. месячных расчетных показателей (МРП) (около 2 млн рублей), либо исправительными работами в том же размере, либо привлечением к общественным работам на срок до 1 000 часов, либо ограничением свободы на срок до 4 лет, либо лишением свободы на тот же срок, с конфискацией имущества, с пожизненным лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью.

То же деяние, совершенное лицом, занимающим ответственную государственную должность в правоохранительном органе, или судьей будет наказываться ограничением свободы на срок до семи лет либо лишением свободы на тот же срок, с конфискацией имущества, с пожизненным лишением права занимать определенные должности или заниматься определенной деятельностью.

На сегодняшний день противодействие коррупции в Республике Казахстан осуществляется на основе принципов:

- законности;
- приоритета защиты прав, свобод и законных интересов человека и гражданина;
- гласности и прозрачности;
- взаимодействия государства и гражданского общества;
- системного и комплексного использования мер противодействия коррупции;
- приоритетного применения мер предупреждения коррупции;
- поощрения лиц, оказывающих содействие в противодействии коррупции;
- неотвратимости наказания за совершение коррупционных правонарушений.

**Ш. АСИНА.**



де деректердің қолжетімділігі, цифрлық мүмкіндіктер және заңнамалық базаның цифрлық бизнес үлгілеріне бейімделуі сияқты күшті жақтарымен ерекшеленеміз.

Десе де еліміздің төменгі орында тұрған бірқатар көрсеткіш бар екенін атап өткен жөн. Бұл – «Көзқарас» және «Жетілу». «Көзқарас» индикаторы елде мемлекеттік деңгейде ЖИ дамытуға стратегиялық көзқарастың болуын қарастыратынын ескере отырып, біз ЖИ дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын әзірледік. Тұжырымдама – жасанды интеллект экожүйесін құрудың, оны дамыту және экономиканың әртүрлі салаларында қолдану үшін қолайлы жағдай жасаудың стратегиялық көзқарасы. Бұл құжат жақын арада бекітіледі.

да – құрылымдалмаған деректерді құры¬лымдық деректерге түрлендіру, жеткізу тізбегін басқаруды жақсарту, сұранысты болжау, жеткізу бағыттарын оңтайландыру және кез келген салада логистикадағы түгендеуді басқару.

Қазақстанда ЖИ саласы белсенді дамып келеді және осы үдерістің бір бөлігі ретінде бірқатар негізгі бастаманы жүзеге асыру жоспарланып отыр:

1. Жасанды интеллект инфрақұрылымын құру. Жасанды интеллект есептеу қуатымен қамтамасыз етілуі керек, сондықтан есептеу ресурстарына қол жеткізу үшін еліміз өзінің заманауи суперкомпьютерін құру жобасын жүзеге асырып жатыр. Оның іске қосылуы 2025 жылға жоспарланған. Қазірдің өзінде оған үлкен сұраныс бар. Есептеу қуатына айына 1 млн доллар жұмсайтын «Higgsfield AI» сияқты отандық компаниялар бұл қаражатты елде қалдыра алады.

банктің қатысуымен Өнімді инновациялық келісім жобасы аясында қолдау тапқан 4 стартап-жоба үздік әлеуметтік-бағдарланған инновациялық жобалар ретінде таңдалған еді. Кореядағы GIGF World Summit Awards (The 2nd Global) марапаттарының қысқа тізіміне енді. «COVID-19-дан кейінгі дәуірдегі инновациялық және тұрақты өсу» тақырыбымен инновациялық өсу форумы) әлемдегі ең жақсы инновациялық шешімдер ретінде, оның үшеуі жасанды интеллект технологияларын пайдалана отырып жұмыс істейді. Барлық үш денсаулық сақтау жобасы диагнозды жақсартуға, жеке емдеу жоспарларын әзірлеуге және денсаулық сақтау қызметтерін оңтайландыруға арналған шешімдерді ұсынады.

# Жасанды интеллект: Болашаққа көзқарас

**Бүгінде жаһандық жасанды интеллект (ЖИ) нарығы дамып келеді. Халықаралық деректер корпорациясының бағалауынша, ЖИ жүйелері, оның ішінде бағдарламалық жасақтама, аппараттық құралдар мен қызметтерді қоса алғанда, жаһандық шығын 2023 жылдың соңына қарай шамамен 154 млрд долларды құраған. Бұл былтырғымен салыстырғанда 26,9 пайызға көп. Әсіресе генеративті ЖИ нарығы тез даму үстінде (Генеративті ЖИ – жаңа деректер немесе мазмұн жасай алатын жасанды интеллект). Bloomberg Intelligence мәліметтері бойынша, оның көлемі қазірдің өзінде 40 млрд долларға жеткен. Ал 2025 жылға қарай 217 млрд долларға дейін өспек. Сонда орташа жылдық өсу қарқыны шамамен 42 пайызды құрайды.**

### Әлемдегі ЖИ индустриясы

Жасанды интеллект технологиялары денсаулық сақтаудан қаржылық қызметтер, көлік саласына дейінгі әртүрлі салаларға енгізіп жатқаны мәлім. Бүгінде ЖИ индустриясының негізгі бағыттарына мыналар жатады: интеллектуалды роботтар мен дрондар, технологиялық платформалар, табиғи тілді өңдеу технологиялары, сөйлеуді тану, машиналық оқыту қосымшалары, компьютерлік көру және автономды жүргізу. ЖИ технологиялары бизнестің тиімділігі мен өнімділігін арттыруда да үлкен маңызға ие. Зерттеулерге сәйкес, денсаулық сақтауда ЖИ қолдану диагностикалық уақытты қысқартуға және болжамдардың дәлдігін жақсартуға, ал қаржы секторында деректерді өңдеу үдерісін автоматтандыруға әрі тәуекелдерді азайтуға мүмкіндік береді. Көлік және логистика саласында ЖИ маршруттарды оңтайландыруға, жанармай шығындарын азайтуға көмектеседі.

БҰҰ зерттеуі бойынша еліміз «Электрондық үкіметті дамыту» индексінде 28-орында, ал «Онлайн қызметтер» индексінде 8-орында тұр. Елдің индексі (E-Government Development Index, EGDI) 0,86 тармақты құрайды. Бұл цифрлық технологиялар дамуының жоғары деңгейін, елдің ЖИ әртүрлі салаларға интеграциялауға дайындығын көрсетеді. Біздің ел ЖИ дамытуға бағытталған халықаралық жобалар мен бастамаларға да белсенді қатысады. Мысалы, Қазақстан – басқа елдермен озық тәжірибе алмасуға мүмкіндік беретін Халықаралық электрбайланыс одағы (ITU) және Дүниежүзілік экономикалық форум (WEF) сияқты түрлі халықаралық ұйымдар мен форумдардың мүшесі.

Жалпы, еліміз жаһандық ЖИ нарығында өз орнын сенімді түрде иеленеді. 2023 жылғы Oxford Insights үкіметтің ЖИ дайындығы индексінде 193 елдің ішінде 72-орынды, ал Оңтүстік және Орталық Азия бойынша аймақтық рейтингте Үндістан мен Түркиядан кейін 3-орынды иелендік. Оның ішін-

Сондай-ақ қазір елдегі ЖИ бірмүйізділердің саны да ескерілетін «Жетілу» индикаторы бойынша еліміздің позициясын жақсарту бойынша жұмыстар жүргізіліп, ЖИ саласындағы стартаптарды қолдау бағдарламаларының кешені әзірленіп, қазірдің өзінде енгізіліп жатыр.

### Мемлекеттік стратегия және саясат

Үкімет азаматтардың өмір сүру сапасын жақсарту үшін ЖИ экожүйесін құрады. Өйткені жасанды интеллект мемлекеттік басқаруда сұрау салулардың мәнін ескере отырып, сұрауларды жіктеу, белгіленген мерзімдер бойынша хабарламалар жіберу, олардың құзыретіне қарай мемлекеттік органдарға сұрау салуды жақсарту, сондай-ақ орындаушыға дайын жауаптарды қалыптастыру және ұсыну, азаматтарға сұрау салуларды табуға көмектесу, қажетті ақпаратты алу және мемлекеттік қызметтерді алуға мүмкіндік береді. Денсаулық сақтауда – кез келген ауытқуларды анықтау, тезірек және дәлірек диагноз қою. Білім беру саласында – жеке оқытудың жаңа формаларын құру. Қаржы және логистика-

2. Білім беру мен оқытуды дамыту: Бүгінде білім бағдарламасы әртүрлі деңгейде – жоғары оқу орындарында, техникумдарда және кәсіптік лицейлерде жасанды интеллект бойынша курстар мен мамандықтарды қамтиды. Қазірдің өзінде үш университет жасанды интеллект бойынша білім бағдарламаларын енгізіп, халықаралық серіктестік орнатты. Мысалы, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінде SeoulTech-пен, Сәтбаев университетінде City University of Hong Kong, Д.Серікбаев атын¬дағы ШҚМТУ-мен бірлесіп отыр. Сонымен қатар мемлекет мамандандырылған оқу орталықтарын құрып, тағылымдамадан өту және алмасу бағдарламаларын қолға алды.

### Стартап экожүйесін дамыту

Елімізде жас кәсіпкерлерді, жасанды интеллект саласындағы инновациялық жобаларды қолдайтын инкубациялық орталықтар мен стартаптардың экожүйесі дамып келеді. 2020 жылы Дүниежүзілік

Бірінші жоба – «Cristal Spring» ЖШС-ның iMedHub өнімі, ол 2019 жыл-дың желтоқсанында, тіпті Қазақстанда COVID-19 таралмай тұрып әзірленген. Сервис өкпе ауруларының 14 симптомын анықтай алады, бұл компанияға COVID-19 коронавирусын ерте диагностикалау және емдеу үшін еліміздің 15 клиникасына орнатылған. Екінші шешім – шетелдік мамандардың жоғары бағасына ие болған жасанды интеллект көмегімен үлкен деректерді талдау арқылы көз ауруларын ерте диагностикалауға мүмкіндік беретін «KazDevelopment Company» ЖШС ақпараттық өнімі. Жоба аясында еліміздің түрлі өңірлерінде 50 мыңнан аса адам пилоттық скринингтік тексеруден өтті. Мақсаты – тиімді тетік құру арқылы ел тұрғындарының мүгедектігін төмендету.

Үшінші жоба – Назарбаев университетінің жас ғалымдары жасаған экзоскелет. Бұл инновациялық шешім инсульттан кейінгі науқастарды оңалтуға бағытталған. Қазіргі уақытта прототип алдын ала сынақтан өтіп, толықтай жұмыс істеп тұр.

(Жалғасы 7 бетте)

# Жасанды интеллект: Болашаққа көзқарас

Жасанды интеллектіні қолданатын денсаулық сақтау саласындағы соңғы жобалардың ішінде диагностика мен емдеудің диагностикалық үдерістерінің дәлдігін жеделдету және арттыру үшін инновациялық шешімдерді әзірлеуші «Cerebra» компаниясын да атап өткен жөн. Олардың өнімі рентген, КТ және МРТ суреттерін талдауға арналған. Бұл шешім еліміздің 100 медициналық мекемесінде, оның ішінде 46 инсульт орталығында енгізілген. «Cerebra» өнімдерін пайдалану кезінде 1 миллионнан астам медициналық кескіндер талданды, бұл патологияларды анықтауды және дұрыс емдеуді айтарлықтай жылдамдатуға мүмкіндік берді. Ал 2023 жылы «Cerebra» жобасы Сауд Арабиясы Корольдігінде өткен INNOV8 Competition стартап байқауында жылдың үздік инновациялық жобасы деп танылды.

Басқа салаларда да елімізде әлемдік деңгейдегі стартаптар бар. Біріншіден, бұл Higgsfield AI бейне редакторы. Higgsfield AI – мәтіндік сипаттамалардан тура мағынада жоғары сапалы бейне мазмұнын жасайтын жаңа буын бейне редакторы. Жетілдірілген генеративті ЖИ алгоритмдер арқылы платформа мәтіндік нұсқауларды түсіндіре алады, әрі оларды бейне түрінде әсерлі егжей-тегжей бейнелейді.

Қаржы секторы да ЖИ технологияларын белсенді түрде енгізіп жатыр. Банктер мен қаржы институттары деректерді талдауды, тәуекелдерді басқаруды, алаяқтықты анықтауды автоматтандыру үшін жасанды интеллектіні пайдаланады. ЖИ артықшылықтарын біріктірудің жарқын мысалы – Kaspi.kz. Осылайша, Михаил Ломтадзе Digital Bridge 2023 көрмесінде Kaspi өнімділігі мен қолданбаға қатысуы бойынша қытайлық «WeChat» қосымшасынан кейінгі әлемдегі екінші үздік екенін атап өтті. Көптеген пайдаланушының сұраныстарын өңдеу үшін Kaspi өзінің «Руслан» генеративті чат-ботын пайдаланады.



**Нейрондық желілер**

Нейрондық желілер (LLM) негізіндегі ұлттық тіл моделін әзірлеу және енгізу – ЖИ технологияларын дамытудағы ең маңызды міндет. Өзіміздің үлкен тіл үлгісін жасау цифрлық егемендікті қамтамасыз етуде стратегиялық рөл атқарады. Еліміздің тұрғындары сұрақтары бойынша ChatGPT, YandexGPT, Microsoft Copilot және басқа да шетелдік LLM-ге көбірек жүгінеді. Шетелдік әзірлеушілердің үлгілері әрқашан объективті тарихи фактілерді қамтымайды, сонымен қатар біздің қоғамның моральдық құндылықтары мен мемлекетіміздің мүдделерін әрдайым көрсете бермейді. Жеке LLM құру сізге жекелендірілген және құпия деректердің таралып кетуінен сақтап, шетелдік әзірлеушілерге жүгінбей LLM негізінде өз өнімдерімізді жасауға мүмкіндік береді. Ұлттық тіл үлгісін жүзеге асыру қазақ тілін түрлі ЖИ жобаларында қолдануға мүмкіндік беріп, шетелдік қызметтерге тәуелділікті азайтады. Осы саладағы отандық тәжірибені дамытады. Мәдениетіміз бен құндылықтарымызды сақтауға көмектеседі. Цифрлық ортада бір тілдік топқа жататын тілдік модельдердің дамуына серпін береді.

Ұлттық ЖИ платформасы

Ұлттық жасанды интеллект платформасы (бұдан әрі – ЖИ платформасы) мемлекеттік органдардың 90-нан астам ақпараттық жүйесінен деректерді жинайтын «Smart Data Ukimet» базасында құрылады. Бұл бастаманың негізгі мақсаты – «Smart Data Ukimet» ақпараттық-талдау жүйесі арқылы бизнестің мемлекеттік деректерге қолжетімділігін қамтамасыз ету. ЖИ платформасы жасанды интеллект шешімдерін әзірлеуге, оқытуға, орналастыруға, басқаруға арналған инфрақұрылымды, құралдарды және қызметтерді ұсынады. Бұл болжам жасауға және сенімді деректер негізінде шешім қабылдауға мүмкіндік береді. Деректерді жинау жасанды интеллектідегі жұмыстың 80 пайызын алуы мүмкін, ал деректердің жетіспеушілігі мен жеткіліксіздігі кез келген жасанды интеллект әзірлеушілері үшін елеулі кедергі.

ЖИ платформасын құру деректерді жинау тұрғысынан жасанды интеллект саласындағы әзірлеушілер үшін айтарлықтай кедергіні жояды. Сондай-ақ ресурстарды пайдалануды оңтайландырады. ЖИ платформасында ұқсас мәселелерді шешу кезінде жасанды интеллект әзірлеушілері қайта пайдаланатын дайын шешімдер жиынтығы болады. Сондай-ақ ЖИ дамуының негізгі аспектілерінің бірі этикалық және құқықтық стандарттарды реттеу және құру екенін ұмытпағанымыз жөн. Елімізде жасанды интеллект заңды жауапкершіліктері мен субъективті құқықтары бар электрондық тұлға ретінде қарастырылатын тәсіл қарастырылмақ. Бұл денсаулық сақтау, көлік және қаржы сияқты әртүрлі салалардағы ЖИ әрекеттері мен жауапкершілігін нақты анықтайды.

ЖИ дамытуда этика да маңызды рөл атқарады. Оларды пайдаланудың ықтимал теріс салдарын болдырмау үшін ЖИ жүйелерінің ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз ету маңызды. Бұл пайдаланушы деректерін қорғауды, теңдік пен әділдік қағидаттарын қолдауды, ЖИ алгоритмдеріндегі кемсітушілік пен біржақтылықты болдырмауды қамтиды. Интеллект сала-сындағы қыз¬метті реттеу үшін Жасанды интеллект және инновациялық даму жөніндегі арнайы комитет құрылды. Ол ережелер мен стандарттарды әзір¬лейді, сондай-ақ олардың сақталуын бақылайды. комитет ЖИ реттеу саласындағы озық тәжірибелерді есепке алу үшін халықаралық ұйымдармен, сарапшылармен ынтымақтасады.

**ЖИ-дің еңбек нарығы мен экономикаға әсері**

Жалпы, ЖИ жаһандық еңбек нарығы мен экономикаға айтарлықтай әсер етеді. Болжамдар ЖИ қабылдау өнімділік пен тиімділікті арттыруға, жаңа жұмыс орындарын құруға болатынын көрсетеді. Дегенмен кейбір жұмыс орындарын ауыстыру мүмкіндігіне байланысты тәуекелдер де бар. Бұл аспектілерді әртүрлі салаларда ЖИ енгізудің стратегиялары мен бағдарламаларын әзірлеу кезінде ескеру қажет. Кәсіптері ЖИ - ауыстырылуы мүмкін жұмысшыларды қайта даярлау, олардың біліктілігін арттыру бағдарламаларын әзірлеу керек. Бұл жаңа типтегі экономикаға кедергісіз көшуді қамтамасыз етеді, әлеуметтік тұрақтылықты сақтайды.

Сондай-ақ ЖИ жаңа өндірістерді дамытуға және жаңа жұмыс орындарын құруға көмектеседі. Мысалы, ЖИ жүйелерін әзірлеу, техникалық қызмет көрсету деректер ғалымдары, машиналық оқыту инженерлері және деректер талдаушылары сияқты көптеген маманды қажет етеді. Эконо-миканың тұрақты дамуын қамтамасыз ету және елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін осындай мамандарды даярлау және тарту үшін жағдай жасау маңызды. Сандық әлеует және заңнамалық базаның бейімділігі, сондай-ақ стартаптар мен білім беру бағдарламаларын қолдау (мысалы TechOrda) сияқты күшті жақтары заманауи инфрақұрылым мен тұтас экожүйені қалыптастырумен бірге одан әрі ілгерілеу үшін қолайлы жағдайлар жасайды. Nomad Visa және Nomad Residency жүйесін енгізу, өз кезегінде, ТМД мен түркі елдерінен ғана емес, сонымен қатар әлемнің түкпір-түкпірінен ЖИ саласындағы озық таланттарды тартуға айтарлықтай үлес қосады. Дегенмен ЖИ дамуының тұрақты болуын, тұтастай алғанда қоғамға пайдасын қамтамасыз ету үшін этикалық және құқықтық аспектілерді, сондай-ақ ықтимал экономикалық салдарды ескеру маңызды.

Елімізде жасанды интеллект қазірдің өзінде белсенді түрде қолданылып, нақты нәтижелер беріп келеді. Экономиканың тұрақты өсуі мен дамуын қамтамасыз ету үшін осы саланы дамытуды, жаңа технологияларды енгізуді жалғастыруға баса мән береміз.

**Қаныш ТӨЛЕУШИН,**
**Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі бірінші вице-министрі.**

Добрая весть

# «Медицина стала доступней» - уверены жители горного аула Коныр

**И это действительно так! В канун праздника –Дня столицы- в отдаленном горном ауле Коныр нашего района, в котором проживают всего 706 человек, в торжественной обстановке, был открыт блочно –модульный медицинский пункт (БММП). Таким образом, за последние полгода в Алаколе, в рамках государственной программы «Модернизация сельского здравоохранения», построены и вступили в строй действующий фельдшерско – акушерский пункт, четыре блочно – модульных врачебных пунктов и два медпункта.**





До этого медики аула ютились в приспособленном здании, построенном 55 лет назад. Как могли, но оказывали первую медицинскую помощь, в любое время года, в любое время суток. А теперь в их распоряжении БММП с удобными кабинетами, современным оборудованием, рассчитанный на прием 15 пациентов в день. Можно осуществлять весь комплекс первичной врачебной помощи для сельчан: прием акушера, вакцинацию, скрининг, имеется аппарат ЭКГ.

Используя в работе современные блочно-модульные панели строители ТОО «QazDamuConstruction» оперативно и главное качественно возвели в срок важный социальный объект, стоимостью 33 млн.тенге. Его площадь составляет 102 квадратных метра, проведено благоустройство прилегающей территории, возведена блочная котельная.

С радостным событием и праздником - Днем столицы, сельчан поздравили заместитель акима района Маулен Толеужанов, руководитель коммандитного товарищества «Жазылбеков и К.» Аскар Жазылбеков, председатель Совета аксакалов села Байдолда Ермусин.

Слова благодарности от имени односельчан и бата сказал ветеран труда Канапия Тастанбеков. Разрезается синяя лента у входа в новое медучреждение, женщины в национальных костюмах исполняют обряд шашу. После чего гостям показали в рабочей обстановке кабинеты и имеющееся медицинское оборудование БММП.

«Теперь современная медицина стала для нас доступней. Ведь каждый раз за 15 километров в аул Кабанбай не наездишься»,- уверены жители горного аула Коныр. Ну, а реализация госпрограммы «Модернизация сельского здравоохранения» в отдаленном сельском регионе области Жетісу продолжается.

**В. ВОРОБЬЕВ.**

ИНФОРМАЦИОННОЕ СООБЩЕНИЕ

# Введение специальной социальной выплаты для лиц, занятых на работах с вредными условиями труда

АО «ЕНПФ» информирует, что согласно поручению Главы государства для повышения социальной защищенности граждан Республики Казахстан, иностранцев и лиц без гражданства, постоянно проживающих на территории Республики Казахстан, при достижении 55-летнего возраста и уплате за них обязательных профессиональных пенсионных взносов (далее - ОППВ) в совокупности не менее 84 месяцев с 1 января 2024 года введены следующие выплаты:

1. специальная социальная выплата для вышеуказанных лиц, занятых (работающих) на работах с вредными условиями труда, состоящая из:

1) специального профессионального государственного пособия (назначается из республиканского бюджета в размере двух прожиточных минимумов (ПМ) и в 2024г. составляет 86 814 тенге (2*43 407));

2) страховой выплаты по договору предпенсионного аннуитетного страхования (назначается страховой организацией в размере 1 ПМ, в 2024г. – 43 407 тенге за счет страховых премий по обязательному страхованию работников от несчастных случаев);

3) профессиональной выплаты за счет средств работодателя (назначается в размере 1 ПМ, в 2024г. – 43 407 тенге работодателем, с которым работник расторг трудовой договор или заключил дополнительное соглашение к трудовому договору об изменении условий труда);

4) пенсионной выплаты, сформированной за счет ОППВ и (или) ОПВ, из ЕНПФ при наличии согласия вышеуказанных лиц на их получение (размер пенсионных выплат зависит от размера пенсионных накоплений в ЕНПФ).

Право на специальную социальную выплату возникает при условии прекращения работником трудовой деятельности на работах с вредными условиями труда или перевода на другую работу, исключающую воздействие вредных производственных факторов.

Для получения специальной социальной выплаты лицам, занятым (работающим) на работах с вредными условиями труда, необходимо подать заявление работодателю о переводе на другую работу, исключающую воздействие вредных производственных факторов, или на расторжение трудового договора. Сведения о переводе работника на другую работу, исключающую воздействие вредных производственных факторов, или о расторжении трудового договора от работодателя поступают в информационную систему МТСЗН РК. На основании этих данных будет оказана проактивная услуга по назначению всех видов вышеуказанных выплат, входящих в специальную социальную выплату. При этом согласие на получение пенсионных выплат из ЕНПФ за счет ОППВ и ОПВ или только за счет ОППВ, необходимо будет подтвердить ответом на соответствующее SMS-сообщение, направленное с номера 1414.

Таким образом, получателю специальной пенсионной выплаты после обращения с заявлением к работодателю нет необходимости обращаться в ЦОН, ЕНПФ для оформления специальной пенсионной выплаты, достаточно ответить на SMS-сообщение.

2.для лиц, не занятых (не работающих) на работах с вредными условиями труда:

1) специальное профессиональное государственное пособие;

2) пенсионная выплата, сформированная за счет ОППВ и (или) ОПВ, из ЕНПФ при наличии согласия вышеуказанных лиц на их получение.

При этом лицам, уже не занятым (не работающим) на работах с вредными условиями труда по состоянию на текущий 2024 год, достигшим 55 лет, в пользу которых были уплачены ОППВ совокупности не менее 84 месяцев, для получения специального профессионального государственного пособия за счет средств республиканского бюджета и пенсионных выплат из ЕНПФ необходимо обратиться с соответствующим заявлением в ЦОН по месту жительства. В заявлении на получение выплат нужно будет отразить свое согласие на получение выплат из ЕНПФ.

Обращаем внимание, что размеры назначенных выплат из трех источников (за счет бюджетных средств в виде специального профессионального государственного пособия, страховой выплаты и профессиональной выплаты за счет средств работодателя), ежегодно будут расти пропорционально увеличению размера прожиточного минимума, и будут осуществляться до достижения общеустановленного пенсионного возраста.

Размер ежемесячных пенсионных выплат из ЕНПФ будет рассчитываться исходя из размера пенсионных накоплений, сформированных как за счет ОППВ так и за счет ОПВ.

При этом размер ежемесячной пенсионной выплаты из ЕНПФ определяется путем умножения суммы пенсионных накоплений за счет ОППВ, ОПВ (при наличии согласия на их получение) на 6,5% и деления на 12. Ежегодно пенсионные выплаты из ЕНПФ будут индексироваться на 5% и осуществляться до исчерпания пенсионных накоплений.

Справочно: по состоянию на 01.02.2024 г. в информационной системе ЕНПФ зарегистрировано порядка 2387 заявлений от 1388 получателей, сведения о которых поступили в ЕНПФ из информационной системы МТСЗН РК в рамках соответствующего соглашения.

Консультационные услуги ЕНПФ можно получить посредством мессенджеров (чат-бота в WhatsApp и Viber по номеру +7 777 000 14 18), call-центра по номеру 1418 (звонок по Казахстану бесплатный), на корпоративном сайте enpf.kz, а также на официальных страницах ЕНПФ в социальных сетях Instagram, Facebook, ВКонтакте, Twitter, Telegram, Одноклассники.

ЕНПФ создан 22 августа 2013 года на базе АО «НПФ «ГНПФ». Учредителем и акционером ЕНПФ является Правительство Республики Казахстан в лице ГУ «Комитет государственного имущества и приватизации» Министерства финансов Республики Казахстан. Доверительное управление пенсионными активами ЕНПФ осуществляет Национальный Банк Республики Казахстан. С 1 января 2016 года функции по выработке предложений по повышению эффективности управления пенсионными активами переданы Совету по управлению Национальным фондом. В соответствии с пенсионным законодательством ЕНПФ осуществляет привлечение обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, добровольных пенсионных взносов, пенсионные выплаты, индивидуальный учет пенсионных накоплений и выплат, предоставляет вкладчику (получателю) информацию о состоянии его пенсионных накоплений (подробнее на www.enpf.kz)

**Пресс - центр АО «ЕНПФ».**



# Адамға ең алдымен не қажет?

**Еңбек ету қажет, өйткені, еңбек-сенің темірқазығың. Еңбек-адам тіршілігінің арқауы, өмір сүруінің басты шарты, оның жандүниесінің, сана-сезімінің қалыптасуының негізгі көзі. Еңбек ету арқылы адам өзіне, өмір сүріп отырған қоғамына қажетті материалдық және рухани игіліктерді жасаумен бірге өзінің адамгершілік қасиеттерін, ұнамды жақтарын біртіндеп қалыптастырып отырады. Оның өзіне-өзі қызмет ете алу қабілеті, белсенділігі шыңдалады. Адамзат баласын алға жылжытудың, ой-өрісін ілгерлетудің де басты құралы-еңбек!**

Осы орайда, Шәкәрім атамыздың «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар: барлығынан үстем болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл сапалар адамды дүниеге келген күннен бастап тәрбиелейді» дегениндей, құнды қасиеттерге ие руханы адамды қалыптастыру-шынында да оның туған кезінен басталса керек. Ал адамның адам болып қалыптасуына бірден-бір әсер ететін қозғаушы күш – Еңбек! Еңбек әрқашан да еңбеккор адамды ер атандырады. Еңбектің шықпайтын шыңы, қол жетпейтін биігі жоқ. Ұлы Абай: «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деп, еңбек етудің адам өміріндегі мәртебесін айтып кетпеп пе еді?!

Біз Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдарда өмірге келіп, ержеттік. Сол кездегі ауыл тұрғындары ел үшін де, өзі үшін де аянбай еңбек етті. Ауыл шаруашылығы, мал шаруашылығы болсын, құрылыс саласы және т. б. жұмыстармен ерінбей еңбек етіп, бала-шаға өсірді. Әр отбасында кемінде 5,6 бала, 8,10 балаға дейін болды. Олар ешкімге мінбетсінбей, сол ұрпағын өсіріп оқытты, үйлендірді еңбекке баулыды.

Қазір қоғам өзгерді. Заманымыз ілгерледі. Экономикамыз да, саясатымыз да, ахуалымыз да түзелді. Бірақ тәрбиеміз қалай? Ұрпақ жолы, жаңа жас буынның сүрлеуі қалай кетіп барады? Олай дейтінім: айналамызға көз салсақ, әскерден, ауыр жұмыстан қашып, жалақысы көп қызмет талап ететін жастар көбейіп кетті. Әкелеріміз «екі қолға бір күрекпен-ақ» жанұясын асырамап па еді!

Қазіргі кезде мемлекет тарапынан көрсетілетін көмектің түрлері өте көп. Әлеуметтік аз қамтылған отбасын, көп балалы аналарды, мүмкіндігі шектеулі жандардың барлығына жәрдемақы, баспана беріп, үкімет тарапынан арнайы көмектер беріліп жатады. Өз кәсібін ашам деушілерге де мемлекет тарапынан да қолдаулар бар. Осыған қарамастан біздің елімізде масылдық сана қалыптасып бара жатқандай. Екі алақанды жайып, маған бәрін үкімет беру керек деген ой белең алып бара жатыр.

Сондықтан, жастарға айтарым: Бойларындағы салауатты сананы қалыптастыру қажет. Ақыл мен іс-әрекеттің арасын алыстатып, ала-құла жасамай, алға жылжу керек. Еңбек ете жүріп, оның адал дәмін татуға ұмтылған жөн.

Әйтеке би: «Бақ» деген – құс, ұшады да кетеді,
Тақ деген - түс, кіреді де кетеді.
Мәңгілік қалатын - адал іс.

Өмірде адал іс қана мәңгілік қалатынына көзім жетті",-деген екен. Ендеше, өмірдің өзегі де, тіршіліктің тірегі де - адал еңбек ету болып табылады. «Дайын асқа-тік қасық» болу ардың ісі емес. Еңбек ет, ұрпақ өсір, еліміздің еңсесін көтеріп, қызмет ет.

«Уақытым жоқ босқа өткен,
Тағдырға жоқ еш өкпем.
Өмір сүріп көрмеппін,
Әйтеуір мен есеппен!» - деп Қастек Баянбай жырлағандай, жас кездегі қайталанбайтын алтын уақытты бос өткізбей еңбек етіп, еңбектің адал да тәтті ризығына бөлену-бір ғанибет емес пе?!

Бірде атасы немересіне:

- Адамның көкірегінде екі қасқырдың тайталасына ұқсас тартыс жүріп жатады. Бірі-күншілдік, өзімшілдік, өтірік, жалқаулық сияқты жаман қасиеттердің бейнесі, екіншісі-сенім, шыншыдық, мейірім, адалдық сияқты жақсы қасиеттердің бейнесі,- депті.

Немересі: - Ата, сонда қай қасқыр жеңеді? - деп сұрайды.

Атасы: -Сен қайсысын көбірек қоректендірсең, сонысы жеңеді, - деген екен.

Осы орайда,өмірде ақ пен қара, жақсы мен жаман, дұрыс пен бұрыс, оң мен терістің тартысы қатар жүреді. Сондықтан, ұлттық рухымызды биік ұстап, адамгершілікті, еңбексүйгіштікті, елжандылықты, ар-ожданды шынайы қоректендіре отырып, еңбек етіңдер. Үйде отырып күшейіп сөйлемей, сенімділікті серік етіп алға басыңдар демекпін. Өйткені, еңбектің адам өмірінде атқаратын міндеті зор және еңбек өмір сүрудің мағынасы мен мазмұн дәрежесінің көрсеткіші. Еңбек үлкен мұратқа жеткізіп, қуаныш әкеледі. Егер сенің еңбек әрекетің бітсе, өміріңнің де біткені дей бер. Ал, біреудің еңбегімен күн көру – арамтамақтың және жалмақтың, яғни, адалдық қасиеттің жоқтығы. Ы.Алтынсарин: «Бейнетсіз рахат жоқ», «Жалқау текке жатар, оның ырысы қашар», «Еңбекпен табылған дәм тәтті» деп ұрпағын еңбек етуден қашпауға және еңбекті сүюге шақырады.

Адал еңбек ету, қанағат қыла білу де адамгершілік қасиет екенін ұмытпайық. Өзінің адал еңбегімен тіршілік еткен адамшын бақытты адам. Кім еңбек етіп, халқы үшін адал іс тындырса, тарихта оның жарқыраған ізі қалады. "Жеңілдің астымен, ауырдың үстімен жүріп, кім маған не береді" деген масылдық сана ешкімге де абырой әкелмейтіні анық. Сондықтан, әркім өз мамандығын дұрыс таңдап, қай салада болсын үлкен үмітпен, биік мақсатпен еңбек ету керек. Еңбек ету-әрбір азаматтың қасиетті парызы.

**Ұлжалғас ДҮЙСЕБАЕВА,**
**аудандық аналар кеңесінің төрайымы.**



# Жат қылыққа жол жоқ

**Елімізде вейп нарығында 6 мың сауда орны ресми тіркелген. Алайда сауданың бұл түрін бейресми дамытып жатқандардың нақты санында шек болмай тұр. Олар кім ақша ұсынады соған тауарын өткізгеніне риза. Енді мұндай пысықайлардың дәурені жүрмейді. Бизнес көзіне айналдырғандардың жолы түбегейлі кесіледі. Себебі заң күшейіп, жаза қатаңдайды.**

Электронды темекінің зияны жайлы дәрігерлер де дабыл қағуда. Тіпті, жас балалардың көптеп пайдалануының салдарынан обыр, жүрек-қантамыры аурулары жасарып жатқан көрінеді. Мамандар, он жасынан өкпесі болдырған балалардың көрер қиыншылығы алда дейді. Өкпені былай қойғанда бұл дүние жүрекке де салмақ түсірмей қоймайды.

Әлемнің қырық елінде вейпті сату заңмен шектелген. Қазақстанда бұл мәселеге заңмен нүкте қоймақшы. Алайда сауда-саттықты тыйғанымызбен тәуелділік дейтін түйткілді мәселе шығатыны анық. Бірақ тәуелділіктен тәуекел етпей айығу мүмкін емес. Жаратқан берген денсаулыққа біле тұра аманат деп қарамау – үлкен күнә екенін ұмытпайық. Жаман әдеттен жиреніп, жақсы әдетті үйренейік, замандас.

Жақында вейпке толық тыйым туралы Заңы шықты. Мен мұны қолдаймын. Тәуелді болып қалғандарды бірден тыйып тастай алмайды. Ол үшін тәрбие жұмыстарын жүйелі жүргізу керек.

Тәуелсіз елдің ұрпақтары осындай жаман әдетке тәуелді болып қалмаса екен деген тілек бар.

**Әмина ТҰРҒАНБАЙ,**
**журналист.**

# Еліктегіш жастардың ертеңі не болмақ?

**Қай елде болмасын жастар қауымы болашақтың бастауы. Мемлекет оларға сенім артып, келешектің жарқын болашағына сөзсіз сенеді. Әйтсе де көңілге ақиық ақын Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» деп айтқан сөзі бүгінде зая кетті ме деген де ой келеді.**

Болашақта елдің іргесін бүтін, шаңырағын биік ұстайды деп сенім артқан жастар өзге ұлтқа еліктеп, өз елін, тарихын ұмытты деуге де болады. Жастар тәрбиесінің көлеңкелі тұсы қайда барсақ та алдан шығуда. Әрине, көпке топырақ шашпаймыз. Бірақ өзгеге еліктеп, қазақы болмысын аяққа таптаған жас қатары күннен-күнге артуда. Біз де жаспыз, біз де еліктейміз, атақты адамдарды пір тұтамыз. Алайда оның да өз орны, шегі бар. Біреуді айна-қатесіз қайталаймын деп тума болмысыңды жоғалту өзіңді жоғалтумен тең.

Қазір қоғамда батысқа табынушылық кең етек жайды. Жаһанда ашылып жатқан түрлі жаңалық біз секілді жігерлі жастардың қазақы рухын өлтіруде. Соның бір мысалы деп ана тілінде сөйлеуді ұят санап, өзге тілде бұлбұлдай сайрайтындар мен батыстың түрлі жағымсыз әрекеттеріне еліктейтіндерді айтуға болады. Ең сорақы әрекеттің бірі – әдемі жүзін ұсқынсыз қылып қабаққа, мұрынға, тілге пирсинг жасату, ер-азаматтардың жабыстырып шалбар киіп, шаштарын желбіретуі. Мұның бәрі жалғаса берсе, қазақтың болашағы не болмақ?

Шетелге еліктегендер тек болмысын өзгертіп қана қоймай, туған жерден жырақтап барады десек артық айтқандық болмас. Бүгінде шетелге көшетін жастардың саны артпаса азаймай тұр. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, өткен жылдың алғашқы тоғыз айында елден 13 мыңға жуық азамат көшіп кеткен. Егер жастар елден безіп, шетел асса болашақта Жапонияның күйін кешпейтінімізге кім кепіл?

Жастар – болашаққа апаратын алтын көпір. Алтын көпір болар білікті, білімді өрендер неліктен шетел асып жүр? Атажұртының қамын күйттемей, өзгенің бағымен таласып жүргендердің арман-мақсаты не? Олар неге өзге елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан болып жүрмейді? Міне, осы тектес түрлі сұрақ санаға тыным бермейді. Бір жағынан, олардың бұл әрекетіне түсіністікпен қарау да қажет шығар. Мәселен, жас буынның көпшілігі сапалы білім мен тұрмыстық жағдайын жақсартуды көздеп, мұхит асуға мәжбүр. Мұны дұрыс деп есептейміз. Дегенмен, олардың елге қайтатыны тым аз. Қалай десек те Батыс барлық жағынан дамыған. Мүмкіндігі зор. Еліктеп, жапа-тармағай сол жаққа кетудің бірден-бір себебі де осы шығар, бәлкім!?



Ел мен жерді қорғайтын нағыз батыр ұрпағының ұсақталуы жүрекке салмақ салады. Жынысын ауыстырып, ер мен ер бас қосып, Алланың берген өміріне қиянат жасап жатқандар да жоқ емес. Тіпті, мұндайларға қоғамның да көзқарасы өзгерген. Болмысын өзгерткен жігіттерге үйреншікті қарау да қалыпты жағдайға ұласты. Ата-анасы дүниеге «атұстар» келді деп қуанған ұлдарының өсе келе жат жұрттың ерсі қылығын қайталап «қыз боламын» деуі үлкен қасірет. Ел тізгінін ұстайтын ерлерге артқан сенімге селкеу түскені алаңдатады. Ел басына күн туғанда қолына қару алып туған жерін қорғайтын жігіттердің көп болғаны дұрыс-ақ. Алайда ұлт жолында қолынан келгенін жасап, туған мекенін көркейтуге атсалысатын ерлер қауымы бірен-саран. Өзгенің жат қылығына уланған жас санасы қанмайданда жанын берген ата-баба рухына кірбің салатыны сөзсіз. Тепсе темір үзетін батырлар ұрпағының ұсақталмауы үшін сізбен біз болып күресуіміз керек.

Бостандығымызды баянды етіп, Көк Туымызды желбіретер жалынды жастардың рухты, жігерлі, намысты, өжет болатынына сенеміз. Арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты жастарға сенген Мағжан атамыздың сенімін ақтауға барынша тырысайық. Ел игілігі мен жарқын болашақ жолында өткеннен сабақ алып, болашаққа оң қадам жасайық, құрметті замандас!

**Гүлнұр ЕРМҰХАНҚЫЗЫ,**
**журналист.**




# В рамках борьбы с наркоманией

Многие молодые люди рискуют столкнуться с серьезными проблемами здоровьями, включая болезни печени, сердечные проблемы и даже риск самоубийств, все это – последствия наркотической зависимости. Поэтому необходимо предпринять немедленные меры, чтобы остановить рост этой проблемы.

Картина употребления наркотиков в Казахстане в последние годы усложнилась. Страна сталкивается с разнообразием наркотиков, от опиатов и синтетических веществ до марихуаны и лекарств, которые продаются в аптеках. Эта проблема особенно затрагивает молодежь, расширяя круг лиц, сталкивающихся с наркоманией.

Опиаты попадают в Казахстан из Афганистана, проходя через страну в другие государства Центральной Азии. В Казахстане также возросло производство синтетических наркотиков, что увеличивает количество наркозависимых. Конопля, которую выращивают в регионах Кызылорды, Туркестана, Актобе и Улытау, также часто используется в качестве наркотического средства. Даже лекарства из аптек, содержащие психоактивные компоненты, стали частью проблемы наркомании.

Проблема наркомании в Казахстане усиливается из-за синтетических наркотиков. Очень многие, примерно 90% тех, кто их пробует, быстро становятся зависимыми даже после однократного употребления, что показывает, насколько эти наркотики опасны. Если их использовать регулярно даже в течение месяца, это приводит к сильной зависимости, с которой очень сложно справиться. Такие наркотики очень токсичны, и даже небольшие их дозы могут быстро привести к серьезной наркотической зависимости.

Сейчас в Казахстане изменилось общественное восприятие наркозависимости. Возраст тех, кто становится зависимым, значительно снизился — если раньше в среднем это были люди старше 30 лет, то теперь — около 20 лет, и даже подростки 14-15 лет. Многие начинают употреблять наркотики по разным причинам, включая скуку или влияние друзей. Интернет с одной стороны облегчает доступ к наркотикам, с другой — помогает распространять информацию о том, как с этим бороться.

Распространенное заблуждение о том, что вещества используются в основном ради удовольствия, развенчивается, когда мы погружаемся в причины употребления наркотиков. Для многих зависимых наркотики служат средством для облегчения дискомфорта и негативных эмоций. Симптомы отмены заставляют употребляющих идти на крайности, такие как кража, проституция и даже убийство в их отчаянии добыть следующую дозу.

Правительство Казахстана, под руководством президента Касым- Жомарта Токаева, приняло активную позицию в решении наркотической эпидемии, которая охватила нацию. Был разработан Комплексный план, направленный на борьбу с наркоманией и наркоторговлей. Правительство проявило инициативу, одобрив план и выделив значительные 53,1 миллиарда тенге из бюджета на его реализацию. Это шаг в правильном направлении и подчеркивает обязательство правительства бороться с этой серьезной проблемой напрямую.

Количество людей на динамическом наблюдении с диагнозом "психические и поведенческие расстройства из-за употребления наркотиков" колеблется из года в год, на 1 марта прошлого года зарегистрировано 18 216 человек. Наиболее распространенным типом наркотиков, употребляемых людьми из этого реестра по состоянию на 1 марта прошлого года, являются все типы опиоидов, на долю которых приходится 6 455 человек. В первые восемь месяцев прошлого года в Едином реестре досудебных расследований зарегистрировано 1,3 тысячи преступлений по статье № 297 Уголовного кодекса Республики Казахстан. Это на 8,7% больше, чем за аналогичный период прошлого года, при этом большинство этих преступлений зарегистрировано в Алматы, где сообщается о 184 случаях, что на 53,3% больше, чем в позапрошлом году.

В Казахстане законодательство играет ключевую роль в формировании ответа на наркотическую эпидемию. В настоящее время лечение несовершеннолетних наркоманов ограничивается государственными учреждениями - приватным реабилитационным центрам запрещено лечить подростков. Это ограничение может представлять существенное препятствие на пути к выздоровлению и потенциально способствовать продолжающейся наркотической эпидемии в стране.

Наркозависимые редко обращаются за помощью к специалистам по собственной инициативе. В большинстве случаев первый шаг к консультации делают родственники, чаще всего родители. Эта динамика подчеркивает очень тревожную ситуацию, так как путь к выздоровлению полон препятствий. В течение первого года установления стабильной ремиссии наркоманы вряд ли смогут самостоятельно социализироваться. Даже через два года после зависимости томография мозга может показать значительные нарушения. Желание и искушения в этот период могут быть непреодолимыми. Без своевременной и эффективной поддержки риск рецидива значительно возрастает.

Комплексный план правительства Казахстана, направленный на борьбу с наркоманией, а также усилия медицинских специалистов и программы реабилитации, являются лишь частью решения. Не менее важны общественное осознание этой проблемы и готовность к действиям, которые помогут людям, найти путь к выздоровлению и новой жизни, свободной от зависимости.

**Ш. АСИНА.**

# О профилактике лесных пожаров




Пожарная профилактика – комплекс организационных и технических мероприятий, направленных на предотвращение пожара, ограничение его распространения, а также создание условий для успешного тушения пожара. Основной целью пожарной профилактики является исключение возникновения пожара.

Профилактика лесных пожаров требует ряда организационных и технических мероприятий, связанных, в первую очередь, с проведением противопожарных профилактических работ, направленных на предупреждение возникновения, распространения и развития лесных пожаров. Для предупреждения распространения лесных пожаров предусматривают осуществление ряда лесоводческих мероприятий (санитарные рубки, очистка мест рубок леса и др.), а также проведение специальных мероприятий по созданию системы противопожарных барьеров в лесу и строительству различных противопожарных объектов. Лесные пожары можно предупредить, если очистить его от сухостоя и валежника, устранить подлесок, проложить две-три минерализованные полосы с расстоянием между ними 50-60 м, а напочвенный покров между ними периодически выжигать.

Для лесопожарной профилактики проводится подготовка технических средств пожаротушения, организуются лесопожарные формирования, службы охраны лесов, создаются специальные (чрезвычайные) комиссии по борьбе с лесными пожарами.

Опасность лесных пожаров для людей связана не только с прямым действием огня, но и с большой вероятностью отравления из-за снижения содержания кислорода в атмосферном воздухе, резкого повышения концентрации угарного газа, окиси углерода и других вредных примесей.

Поэтому основными мерами защиты населения от лесных пожаров являются:

спасение людей и сельскохозяйственных животных с отрезанной огнем территории;

исключение пребывания людей в зоне пожара путем проведения эвакуации из населенных пунктов, объектов и мест отдыха;

ограничение въезда в пожароопасные районы;

тушение пожаров;

обеспечение безопасного ведения работ по тушению пожаров.

Комплекс мер по предотвращению возгораний и обучению технике безопасности включает в себя профилактику пожаров и обучение технике безопасности, проведение бесед среди местного населения и посетителей, проведений лекций среди молодого поколения.

**С. КОВЕШНИКОВ,**
**гос.инспектор**
**Черновского лесничества**
**РГУ «Жонгар – Алатауский» ГНПП.**



# ДАУА

**Салауатты өмір салтына арналған бет**

## Қаржы төлемі ұлғаюда

**Жыл басынан бері медициналық ұйымдарға 1 трлн теңгеден астам қаржы төленді.**

**Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры 2024 жылғы ақпан айының қорытындысы бойынша медициналық қызметтерге төлем аудара бастады.**

11 маусымдағы жағдай бойынша бұған дейін алған авансты ескеріп, 57 медициналық ұйымға 28,5 млрд теңге төленді.

Бұл ретте медициналық ұйымдар осы уақытқа дейін қаржыландырусыз қалған емес. Биыл жыл басында оларға әдеттегідей 30% мөлшерінде аванс жіберілді.

Жалпы алғанда 56 медициналық ұйымға 23 млрд теңге сомаға аванс берілді. Кейбір жеткізушілер қажеттіліктің болмауына байланысты аванс алудан бас тартты. Жоғарыда айтылғандай, берілген авансстар ай сайын нақты көлемдерден шегеріліп отырады.



Еліміз бойынша жыл басынан бері қаржыландыру көлемі, оның ішінде амбулаториялық дәрі-дәрекпен қамтамасыз етуді қосқанда 1 трлн 16,6 млрд теңгені құраса, Жетісу облысы бойынша бұл 87,8 млрд теңгені құрайды.

Ақпан айындағы төлемді 2024 жылдың 14 маусымына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы.**

## МӘМС жүйесіндегі мәртебеңізді тексеретін уақыт келді

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының басты мақсаттарының бірі - барлық азаматтарға, әлеуметтік жағдайына, тіпті тұрғылықты жеріне қарамастан, уақтылы сапалы медициналық көмекті қолжетімді ету. Әрбір тұрғынды әлеуметтік медициналық сақтандыруға тарту - бұл маңызды қағидат. Бұл жердегі маңызды мәселе әр азаматтың өз денсаулығына жауапты болуы және аурулардың алдын алу шараларына қатысуы, емханаларға барып қажетті тексерулерден уақтылында өтуі. Жеңіл немесе ауыр сырқаттар жоқ, әр адам үшін ауырып қалу үлкен күйзеліс және өмір сапасының төмендеуі болып табылады.

Жетісу облысының барлық аудан, қалаларында штаб құрылды, оның басты міндеті сақтандырылмаған азаматтың әлеуметтік мәртебесін анықтау және жұмысқа орналасу, жеңілдік мәртебесін өзектендіру және басқа да шаралар арқылы әлеуметтік қолдау көрсету болып табылады. «МӘМС туралы» Заңда объективті жағдайларға байланысты өздері үшін жарна төлей алмайтын азаматтардың 15 санаты нақты жазылған. Олардың барлығына жеңілдікті мәртебе беріледі, бұл өз кезегінде медициналық көрсеткіштер бойынша барлық жоспарлы медициналық көмекке қол жеткізуге мүмкіндік береді. Жоспарлы медициналық көмек көрсету мерзімі күнтізбелік 10 күннен аспауы керек екенін білу маңызды.

Айта кетейік, облыс бойынша бүгінгі күні барлығы 576 541 тұрғынның сақтандырылған мәртебесі бар. Оның ішінде 386 755 тұрғын жеңілдік санатқа кіреді және олар үшін МӘМС-ке ай сайынғы жарналарды мемлекет жүргізеді. Өкінішке орай, облыстың 129 435 мың тұрғынының мәртебесі сақтандырылмаған, олар профилактикалық тексерулерден өтпейді және өз денсаулығын сақтауға атсалыспайды.

Мәртебеңізді тексеру үшін:

- Екінші деңгейдегі банктердің мобильді қосымшалары
- Qoldau 24/7 мобильді қосымшасы
- fms.kz ресми сайты
- Telegram-дағы @ Saqtandyrybot
- 1414 байланыс орталығы
- Damumed мобильді қосымшасы

МӘМС жүйесіне қатысты сұрақтар туындаған жағдайда + 7 72 82 55 90 06, 55 90 07, 55 90 08 нөмірлеріне хабарласуыңызға болады.

**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы.**

# Басты сұрақ: қазақстандықтардың МӘМС-ке төлеген ақшасы қайда сақталады

**Азаматтардың міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға төлеген жарналары мен аударымдары қайда сақталатыны және бағытталатыны қазақстандықтарды жиі қызықтырады. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры оған толық жауап дайындады.**

Барлық жарналар мен аударымдар Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің арнайы шотына түседі, ал сол жерден халыққа көрсетілген медициналық қызметтерге ақы төлеу үшін медициналық ұйымдарға жіберіледі.

«Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Заңда (21-бап) Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры инвестициялық қызметті Қордың активтерін (МӘМС қаражатын) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арқылы қаржы құралдарына орналастыру жолымен жүзеге асыратыны көрсетілген. Бұл ретте Қор мен Ұлттық Банк арасында сенімгерлік басқару шарты жасалды.

**Ол қалай жасалады?**

Ұлттық Банк артылған ақшаны (МӘМС есебінен көрсетілген медициналық қызметтерге төленгеннен кейін қалатын ақша) қаржы құралдарының бекітілген тізбесіне сәйкес қатаң түрде бағалы қағаздар мен депозиттерге орналастырады. Бұл инвестициялық табыс алуға, яғни МӘМС жүйесінің жинақталған активтерінің сомасын ұлғайтуға мүмкіндік береді. Олар өз кезегінде тек медициналық қызметтерге ақы төлеуге бағытталады және Қордың қажеттілігіне жұмсалмайды. Осы ретте Қор МӘМС қаржысын өз еркімен орналастырмайды.

2024 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 2017 жылдан бері жинақталған МӘМС активтерінің қалдығы 933 млрд теңгені құрады.




2024 жылдың төрт айында Қорға 441 млрд теңге МӘМС жарналары мен аударымдар түсті, оның ішінде 42 млрд теңге сомасына инвестициялық табыс алынды. Бұл ретте медициналық көмекке ақы төлеуге жұмсалған шығыстар 354 млрд теңгені құрады. Осылайша, 2024 жылғы 1 мамырдағы жағдай бойынша Қор активтерінің қалдығы – 1020 млрд теңге.

Ұлттық Банк МӘМС активтерінің бұл қаражатын Ұлттық Банктің қысқа мерзімді депозиттеріне (медициналық көмектің ағымдағы төлеміне жіберіледі) – 171 млрд теңге, орта және ұзақ мерзімді облигацияларға - 108 млрд теңге және мемлекеттік бағалы қағаздарға 741 млрд теңге сомасында орналастырды.

**Бұл жүйеге және пациенттерге қандай мүмкіндіктер береді?**

2023 жылы алынған инвестициялық табыс 113 млрд теңгені құрады, яғни МӘМС пакетінің бюджетіне қосымша 113 млрд теңге түсті. Айта кету керек, 2022 жылмен салыстырғанда инвестициялық кіріс 1,6 есе өсті. Бұл қаражат МӘМС-тің қалған активтерімен бірге 2024 жылдың басында медициналық ұйымдармен 2024 жылға жасалған шарттар бойынша 30% мөлшерінде аванс төлеуге бағытталды.

МӘМС қаражатын тиімді сақтаудың бұл тетігі міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы заңнаманы бекіту кезінде қаланды және жүйенің активтерін, оның ішінде жыл сайын көрсетілетін медициналық қызметтердің санын ұлғайтуға және қазақстандықтар үшін медициналық көмектің қолжетімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Айта кетерлігі, Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының қаржы-шаруашылық қызметі және МӘМС активтері бойынша жыл сайын тәуелсіз аудит жүргізіледі. Жыл қорытындысы бойынша қаржылық есептілік ҚР Қаржы министрлігінің депозитарийінде және Қордың ресми сайтына орналастырылады.

Сондай ақ Қор ҚР Үкіметінде және ҚР Үкіметінің шоғырландырылған есептілігі шеңберінде ҚР Парламенті депутаттарының алдында үнемі есеп береді.

**«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы.**

# Вакцинация–жұқпалы аурулардың алдын алудың тиімді құралы

**Вакцинация арқылы қандай жұқпалы аурулардың алдын алуға болады?**

Вакцинация - халықты жұқпалы аурулардың пайда болуы мен таралуынан қорғаудың ең тиімді құралдарының бірі.

«Вакцинация – ата-аналар үшін балаларын жұқпалы аурулардың ауыр зардаптарынан қорғаудың жалғыз, ең тиімді және баламасы жоқ әдіс.

«Вакцина бұл - вакцинамен басқарылатын инфекциялардың барлығына қатысты. Қазіргі кезде елімізде вакцинамен басқарылатын инфекциялардың қатарына 20 инфекция кіреді.

Тарихқа көз жүгіртетін болсақ, шешек індетімен ауырған ондаған миллион адам болды. Тағы ондаған миллионы көз жұмды. Бұл індеттің «қара шешек» деп аталуы да содан.1979 жылы Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) шешек вирусының бұдан былай адам популяциясында тіркелмегенін жариялады. Бұған нақты вакцинация арқылы қол жеткізілді, сондықтан адамзаттың бұл жетістігі адамдардың өмірін сақтап қалуға бағытталды. Дифтерия, көкжөтел, қызылша індеттерімен ауырған және қаза болғандардың көрсеткіші жоғары еді. Бүгінгі таңда бұл аурулар «вакцинамен басқарылатын инфекциялар» деп аталатындықтан және профилактикалық екпелердің арқасында аурулардың көрсеткіші төмендеді.

Медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде халыққа 20 инфекциялық ауруға қарсы профилактикалық егулер, оның ішінде В вирустық гепатиті, туберкулез, көкжөтел, дифтерия, сіреспе, полиомиелит, гемофильді инфекция, пневмококкты инфекция, қызылша, қызамық, эпидемиялық паротит сияқты 11 жұқпалы ауруға қарсы Ұлттық күнтізбеге сәйкес жоспарлы профилактикалық егулер және эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша құтырма, іш сүзегі, кенемгі-жазғы кене энцефалиті, оба, коронавирустық инфекция, «А» вирустық гепатиті, тұмау, сібір жарасы, туляремия сияқты 9 жұқпалы ауруға қарсы профилактикалық егулер жүргізіледі.

Елімізде полиомиелиттің алдын алу жөніндегі ұлттық бағдарламаны іске асыру Қазақстан Республикасына полиомиелиттен азат елдердің қатарына кіруге мүмкіндік берді.

Иммунопрофилактика қызметінің негізгі мақсаты - әр баланың уақтылы және толық вакцинациялануы. Осы мақсаттар үшін республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатынан Ұлттық егу күнтізбесіне сәйкес және эпидемиологиялық көрсеткіштер бойынша балалар мен ересектерге иммундауды тегін жүргізу үшін жыл сайын жеткілікті қаржы бөлінеді.

**Вакцинация қайда, қашан және кімге жасалады?**

Вакцинация медицина ұйымдарының арнайы жабдықталған екпе салдыру бөлмелерінде жүргізіледі. Дені сау жаңа туған нәресте перзентханада, В вирустық гепатитіне қарсы алғашқы 12 сағатта және өмірдің 1-4 күнінде туберкулезге қарсы екпе алуы керек.

1 жасқа дейінгі балалар көкжөтелге, сіреспеге, дифтерияға, полиомиелитке, гемофильді инфекцияға, В вирустық гепатитіне, пневмококк инфекциясына қарсы вакцинацияланады.

1 жасында баланы қызылшаға, қызамыққа, паротитке және пневмококк инфекциясына қарсы егу керек.

18 айлық жасында көкжөтелге, дифтерияға, сіреспеге, полиомиелитке, гемофильді инфекцияға қарсы ревакцинация жүргізіледі.

6 жасында көкжөтел, дифтерия, сіреспе (АбКДС) және қызылшаға, қызамыққа, паротитке (ҚҚП) қарсы ревакцинация алады.

16 жастағы жасөспірімдер мен ересектер әр 10 жыл сайын тұрғылықты жері бойынша немесе жұмыс, оқу орны бойынша емханаларда АДС-М вакцинасымен дифтерия мен сіреспеге қарсы егіледі.

Халықты уақтылы иммундау және 95% - ға дейін қамту вакцинамен басқарылатын инфекциялар бойынша эпидемиологиялық жағдайды тұрақтандыруға, иммундық қабат құруға мүмкіндік береді.

Профилактикалық егу немесе вакцинация балалар үшін де, ересектер үшін де өте маңызды. Сондықтан вакцинацияны егу күнтізбесіне сәйкес ерте жастан бастау керек.

Ауруды емдеуден гөрі алдын-алу оңай!

**Г.АБИКЕНОВА,**
**Алакөл аудандық санитариялық эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшы орынбасары.**

# Жүрегі елім деп соққан азамат



Мемлекеттік салада көп жылдар еңбек еткен, өз әулетінде беделі үстем, ықпалы мол, үлкенге іні, кішіге қамқор Атажанов Серікжан Нұрғазыұлы ағамызды 70 жылдық мерейтойымен құттықтаймыз.

Атажанов Серікжан Нұрғазыұлы 1954 жылы 1 тамызда бұрынғы Талдықорған облысы, Алакөл ауданы, Обухов селосында дүниеге келген. 1971 жылы Обухов орта мектебін бітірді. Жоғары оқу орнына түскенге дейін, мектепте оқи жүріп, өндірістік бригадада қоғамдық жұмыс атқарды.

1972 жылы Алматы халық шаруашылығы институтына (қазіргі Нархоз) ауыл шаруашылығын жоспарлау мамандығы бойынша оқуға түсті. Оқуымен қатар Алакөл ауданы, Бескөл совхозында есепші болып жұмыс істеді. 1978 жылы жоғары оқу орнын бітіргеннен кейін мамандығы бойынша Бескөл совхозында еңбек жолын жалғастырды.

Оқуда да, қызметтік жолында да еңбекқорлығы, адамдармен тіл табыса алу қабілетінің, жігерлі талабы мен ынтасының арқасында қатарластарының алдында болды.

1991-1992 жылдары еліміздегі ауыл шаруашылығын жекешелендіру жұмыстарына қатысты. Осы жылдары Бескөл совхозы жекешелендіріліп, ұжымдық шаруашылық құрылады. Серікжан Нұрғазыұлы Бескөл өндірістік кооперативінің мал азығын қамтамасыз ету бөлімінің меңгерушісі, кейін аталған кооператив төрағасының орынбасары қызметтерін 2001 жылы таратылғанға дейін атқарды.

Талай жылғы тыңғылықты қызметінің арқасында 2002 жылы Бескөл ауылдық округі әкімінің орынбасары лауазымына тағайындалды. Әкім орынбасары болған 16 жыл аралығында округ халқының алдындағы міндетін абыроймен атқарып, алдына келген әр тұрғынға қамқорлық көрсете білді. Халықпен тығыз қарым-қатынаста ісін ілгерілетіп, елдің ықыласына ие болды.

Ауылдың жан-жақты дамуына, округтің және оған жақын елді мекендердің халқының әлеуметтік - тұрмыстық жағдайының жақсаруына, балабақшаның ашылуына ықпал етіп, көптеген игі істерге мұрындық болды. Туған халқының алдында қалтықсыз қызмет етіп, округтың жалпы тазалығына, абаттандыру жұмысына, ардагерлер мен әйелдер кеңесінің жандануына, көптеген әлеуметтік- мәдени, саяси іс-шаралардың жоғары дәрежеде өтуіне ұйытқы болды.

Аз қамтылған, асыраушысы жоқ отбасыларға да демеушілік етті. Оған қоса, жылдар бойы мемлекеттік қызметте төккен тері мен еткен еңбегінің жемісін мемлекеттік қызметке келген жас ұрпақтың бойына сіңіріп, тәлімгерлік тәжірибесімен бөліскен ағамыздың еңбегі елеулі.

Киелі шаңырақтан шыққан Серікжан ағамыз бен жұбайы Клара апайымыз бүгінгі таңда 2 қыз, 1 ұл тәрбиелеуде. Үлкен қызы Динара Жетісу облысы бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің бас маманы. Екі баланың анасы. Кіші қызы Сабира жас ғалым, әлеуметтанушы, Ph.D, қауымдастырылған профессор. Ұлы Ермек пен оның жұбайы Айсұлу қаржы саласының мамандары, бизнесті дамыту бойынша банк қызметкерлері. Немересі Аяулым Назарбаев университетінің медицина ғылымдары мамандығының студенті. Немересі Бекарыс Назарбаев зияткерлік мектебінің үздік оқушысы. Осындай дарынды ұл-қыз өсіріп отырған Атажановтар әулеті - округ халқының мақтанышы.

Қоғам мен отбасы алдындағы азаматтық борышын абыроймен атқарған алып тұлға Атажанов Серікжан Нұрғазыұлына 70 жылдық мерейтойына орай зор денсаулық, қажымас қайрат, баянды ғұмыр тілейміз.

Өмірдің қилы-қилы жолдарынан
Адаспай өз орнын таба білген,
Азаматтық міндетін адал ақтап
Ар-ожданы биікте қала берген.

Жастық шақтың ауылы алыстаған
Жайлы қарттық тілейміз ардақты аға,
Алдыңғы толқын ағалар аман жүрші
Асқар таудай биікке асқақтаған.

Бата беріп, шуақ шашып айналаңа
Ардақты әке, жақсы жар, сүйікті ата,
Ұзақ өмір тілейді үлгілі ұрпақ
Абыроймен әке жолын
жалғастырған

**Бескөл ауылдық округінің әкімдігі.**

# Құттықтаймыз!



**Құрметті Дуйсекенов Санат Серікұлы!**

Сізді 40 жас мерейлі туған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз!

Ат жалын тартып қамал бұзатын 40 жасқа келген туған күніңіз құтты болсын! Осы қуанышты сәтте өмірде бақытты, ұжымда беделді, дос-жолдастарыңызға қадірлі де, сыйлы болуды тілейміз! Игі істеріңіздің қашанда оңға басуына, әр қадамыңыздың қарымды болуына тілектеспіз.

Әрдайым жүзіңіз нұрға, өміріңіз жырға толып, алға қойған үлкен мақсаттарыңызға сүрінбей жете беруіңізге тілектеспіз.

Аспаныңыз ашық, жүзіңіз жарқын, шаттық-қуанышыңыз мол болсын!

Жыл сайын қуанышқа бөленіңіз,
Бақытқа отбасылық кенеліңіз!
Жұмыста еңбегіңіз бағаланып,
Алғыс пен құрметіне еленіңіз!

**Ізгі ниетпен: «Алакөл» компаниялар бірлестігі.**

# ҮЕҰ-ға арналған сыйлықақы үшін өтінім қабылдау басталды

Үкіметтік емес ұйымдарға арналған сыйлықақы алу үшін, жыл сайын өтетін конкурсқа өтінім қабылдау басталды. Конкурстың мақсаты – ҮЕҰ әлеуетін нығайтуға және қоғамдық пайдалы жобаларды іске асыру үшін, олардың мотивациясын арттыруға бағытталған маңызды институционалдық қолдау көрсету.

Сыйлық 16 әлеуметтік маңызды бағыт бойынша беріледі, ал бір салаға арналған сыйлықақы мөлшері 2000 АЕК құрайды.

Айта кетейік, соңғы 7 жылда 420 ҮЕҰ қоғамдық мәселелерді шешуге өз үлесін қосып, осы беделді марапатқа ие болды.

Қоғам өміріне белсенді араласатын, өз саласында көшбасшы атанған, әлеуметтік мәселелерді шешуге елеулі үлес қосқан және инновациялық идеяларды іске асырған ұйымдар конкурсқа қатысуға өтінім бере алады. Өтінімдерді қабылдау 2024 жылғы 2 қыркүйекте Астана уақыты бойынша сағат 18:30-да аяқталады.

Қатысу шарттары туралы толық ақпарат мына сілтеме бойынша қолжетімді: www.gov.kz/memleket/entities/mam/documents/details/685056?lang=kk

Қосымша ақпарат алу үшін мына телефондарға хабарласуға болады: +7 (7172) 74-09-97, 74-13-41, 74-02-17.

**ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің баспасөз қызметі.**

# Начался прием заявок на Премию для НПО

Стартовал прием заявок на ежегодный конкурс на соискание Премии для неправительственных организаций. Конкурс представляет собой важную институциональную поддержку, направленную на укрепление потенциала НПО и повышение их мотивации для реализации общественно полезных проектов.

Премия присуждается по 16 социально-значимым направлениям, а размер денежного вознаграждения на одно направление составляет 2000 МРП.

Отметим, за последние 7 лет 420 НПО продемонстрировали свой вклад в решение общественных проблем и получили эту престижную награду.

Организации, которые активно участвуют в жизни общества, являются лидерами в своих сферах, вносят значительный вклад в решение социальных вопросов и реализуют новаторские идеи, приглашаются к участию в конкурсе. Прием заявок завершится 2 сентября 2024 года в 18:30 часов по времени Астаны.

Подробная информация об условиях участия доступна по ссылке: https://www.gov.kz/memleket/entities/mam/documents/details/685056?lang=ru

Для получения дополнительной информации можно обращаться по телефонам: +7 (7172) 74-09-97, 74-13-41, 74-02-17.

**Пресс-служба Министерства культуры и информации РК.**

## Спасатели

# Ветром унесло катамаран

**Не всегда отдых становится приятным на озере Алаколь. На этот раз «виновником» происшествия с тремя отдыхающими на аккумуляторном катамаране стал шквалистый ветер, так называемый «горняк».**



02.07.2024 года, в 16 часов 30 минут, в селе Акши Алакольского района области Жетісу, во время неожиданного, шквалистого, а вернее штормового ветра с дождем, на левом берегу унесло на катамаране 3 человек. За считанные минуты люди оказались в открытом озере, на расстоянии полукилометра от берега.

Слабенький аккумулятор катамарана просто не «выгреб» против «горняка», порывы которого достигали 22 метров в секунду. Спасатели Ахметкалиев Е и Нусубакунов М, спасательного подразделения Алакольского региона, которые находились на патрулировании на моторной лодке « JET 0008», сработали оперативно и четко. Взяли катамаран на буксир и доставили плавсредство с людьми к берегу.

Никто не пострадал, правда, напугались отдыхающие серьезно – пришлось пережить несколько неприятных минут. От имени спасенных слова благодарности нашим спасателям высказала Кашаева Елена 1973 года рождения, уроженка города Алматы.

**В. ВОРОБЬЕВ.**

## Утеря документов

2008 жылы аудандық жер қатынастары бөлімінен Атаманов Кенеспек Сырлыбековичтің атына берілген №1035741, кадастрлық нөмірі 03-255-060-806 жерге жеке меншік құқығын беретін акт жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Утерянный техпаспорт ААА №016278, выданный в 2024 году на эвакуатор-прицеп, несамоходный «ALATAU-11», на имя Иманбаева Айта, считать недействительным.

**Меншік иесі:**
**«Алакөл айнасы» ЖШС-і.**
**Құрылтайшы:**
**Ғалым АЗАТҰЛЫ**
**Директор - Ғалым Азатұлы**
**Бас редактор - Алмат ЕСЕНБЕКОВ.**

**Телефондар:**
**Директор: 3-52-63**
**Бас редактор: 3-52-68**
**Бас редактордың орынбасары: 3-51-74**
**E-mail: alakred@mail.ru**
**Сайт: alakol-aynasy.kz**

Газет аптасына бір рет сенбі күні қазақ және орыс тілдерінде шығады

Газета выходит один раз в неделю в субботу на казахском и русском языках

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 2021 жылғы 24 желтоқсанда тіркеліп, №KZ34VPY00044522 куәлігі берілген.

Үшарал қаласы, Жеңіс көшесі, 129.
ИНДЕКС: 040200.

**Осы шығарылымның таралымы 3282**

**Газет «Алакөл баспагері» жеке кәсіпкерлігінде басылады.**
**Инд.: 040200. Үшарал қаласы, Жеңіс көшесі, 129. Тел.: 3-52-84.**